

БАЯНДАМА

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ СЕНІМ
БОСТАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ



Томас Хельм

Баяндама

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ СЕНІМ
БОСТАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ**

Нұр-Сұлтан – 2020

УДК 2 (574)
ББК 86.3 (5Каз)
О-11

О-11 «Қазақстандағы діни сенім бостандығы туралы баяндама».
Нұр-Сұлтан: Типография «IndigoPrint», 2020 ж., – 140 б.

Авторы: Томас Хельм

Бұл басылым 2020 жылдың қаңтар айында Германияда неміс тілінде жарық көрді. Оны халықаралық католиктік миссионерлік қоғамының Missio адам құқықтары мен діни сенім бостандықтары жөніндегі сараптамалық бөлімі мен Renovabis e. V. (неміс католиктерінің Орталық және Шығыс Еуропа халықтарымен ынтымақтастық акциясы) шығарды.

Кітап Қосымшасындағы сұхбат мәтіндерімен сұхбат берушілер танысып, мақұлдады. Әр сұхбат беруші өз пікірі үшін жеке жауапкершілікке ие. Айтылған пікірлер Конрад Аденауэр е. V. қорының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Автор туралы:

Томас Хельм

Әлеуметтік ғылымдардан мемлекеттік емтихан (мамандығы: экономика және тарих). Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігін 2015 жылдың 15 тамызынан басқарады. Оған дейін халықаралық Кетчум агенттігінің басшылығында және ГФР Бундестагының ХДС/ХСС парламенттік фракциясында жұмыс істеген.

Баяндаманы дайындау жұмысына қатысқан адамдар:

Феликс Нойманн, саясаттану бакалавры, Халле-Виттенберг университеті, Германия;

Досжан Адамсопиев, халықаралық қатынастар бакалавры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

Мадина Мыңайымбек, халықаралық қатынастар бакалавры, Л. Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

Анна Ледерер, халықаралық қатынастар магистрі, Гумбольд атындағы Берлин университеті, Германия;


Наталья Кизил, халықаралық қатынастар магистрі, Билефельд университеті, Германия;

Якуб Степанюк, саясаттану бакалавры, Сити Лондон университеті, Ұлыбритания.

Дәйексөздерге сілтеме:

Хельм Томас, діни сенім бостандығы: Қазақстан, missio e.V. (Халықаралық католиктік миссионерлік қоғамы) мен Renovabis e.V. (әлем елдері бойынша баяндамалар, діни сенім бостандығы 47), Аахен 2020.

График 1: Қазақстанда тіркелген діни бірлестіктер



(Дереккөздер: [https://tengrinews.kz/sng/kazakhstan-v-sng-zanimaet-4-e-mesto-po-chislu-musulman-209037/;](https://tengrinews.kz/sng/kazakhstan-v-sng-zanimaet-4-e-mesto-po-chislu-musulman-209037/)
[http://www.religions-congress.org/content/view/125/35/lang,russian/;](http://www.religions-congress.org/content/view/125/35/lang,russian/) http://www.stoletie.ru/geopolitika/skolko_pravoslavnyh_v_kazahstane_2010-12-02.htm (31.10.2019 күнге ақпарат).

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	6
Кіріспе	7
Қазақстан: тарих, саясат, қоғам	9
Елдегі діни қауымдастық	12
Халықаралық құқықтық шектеулер	17
Діни сенім бостандығы	19
Конституциялық негіздер	19
Діни сенім бостандығының бұзылуы	20
• Қазақстан Республикасының 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заңы	20
• Сот процестері	22
• Мемлекет араласуының басқа мысалдары	23
• Партияларға тыйым салу	24
• Діни білім алу	24
• Мешіт пен шіркеудің құрылысы	25
• Діни радикалдану	27
• Қоғамдық діни нышандарды қабылдауы	29
Диалог жүргізу үшін қажетті әлеует	30
Қорытынды	33
Қосымша	35

АЛҒЫ СӨЗ

2019 жылдың соңы мен 2020 жылдың басында missio халықаралық католиктік миссионерлік қоғамы, Германия католиктерінің Орталық және Шығыс Европа халықтарымен ынтымақтастық акциясымен (Renovabis e.V) бірлесіп, Германияда Қазақстандағы діни сенім бостандығы туралы баяндамамды жариялады.

Бұл баяндамамда Қазақстандағы діни бірлестіктердің даму тарихы, елдегі мемлекет пен діни бірлестіктердің қазіргі кездегі қарым-қатынасы, сондай-ақ мемлекет тарапынан қолданылатын шектеулердің діни сенім бостандығын шектеудің деңгейіне ықпалы туралы мәселе талданды.

Баяндаманы неміс оқырмандары әр түрлі қабылдады: мысалы, кейбір неміс діни қауымдары Қазақстан мемлекетінің іс-әрекетін сынға алды, ал саясатшылар қауіпсіздік мәселелері жөніндегі шектеулердің, көбінесе мұсылмандық ұстанымдағы діни бірлестіктерге қатысты шектеулердің қажеттілігімен келісетінін көрсетті. Яғни, көзқарастардың әртүрлілігіне байланысты, Қазақстан мемлекетінің саясаты не өте дұрыс, немесе тым қатаң деп қабылданды.

Осыған байланысты, баяндаманы және түрлі пікірталастардың өзегі болып отырған негізгі ғысан, яғни Қазақстан халқымен талқылауға жеткілікті себеп бар деп есептейміз.

Сол себепті де, баяндаманы орыс және қазақ тілдеріне аудару туралы шешім қабылдадым. Негізгі зерттеуден бөлек, қосымшада сұхбаттар да берілді, олар осы зерттеудің маңызды бөлігі болды.

Баяндаманы Қазақстандағы діни сенім бостандығының жайын талқылаудың бастамасы деп қабылдауларыңызға болады. оң көзқарастармен қатар, қарсы пікірлерге де жол ашық. Қызығушылықпен оқуларыңызға тілектеспін.

Томас Хельм,

Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қордың директоры

КІРІСПЕ

Құрметті оқырман!

Қазақстан – контрасттіге толы ел. Көлемі жағынан әлемде 9-орын алатын ол көне замандарда Ұлы Жібек жолының ажырамас бөлшегі болса, қазіргі уақытта Европа мен Азияны байланыстырып тұрған берік көпір іспетті. Пайдалы қазбалардың арқасында арта түскен экономикалық өсімнің деңгейін Астананы¹ мысалға алып айтуға болады. 1997 жылы Қазақстанның астанасы болып жарияланған, қазірде үлкен мегаполиске айналған бұл қаланың зәулім ғимараттарына, әсем саябақтары мен көптеген сауда орталықтарына маңайындағы әлі бірде-бір үй бой көтеріп үлгермеген кең жазира ерекше контрасттіге түскен.

Орталық Азияда орналасқан бұл республика аумағында 100-ден аса этникалық топ айтарлықтай дау-дамайсыз, бейбіт өмір сүріп жатыр, сондай-ақ, мұнда түрлі діни қауымдар бар, халықтың көпшілігі – мұсылман дінін ұстанушылар. 2006 жылы Астанада ашылған «Бейбітшілік пен келісім сарайы» осы этникалық және діни алуантүрліліктің символы болып саналады. 2003 жылдан бастап Қазақстан үш жылда бір рет дүние жүзі діндерінің конгресін өткізіп келеді. Бұл конгрестің мақсаты – діни топтар арасында жаһандық мәселелерді талқылау үшін өзара диалог орнату. Сонымен қатар, Қазақстан Конституциясы да әлеуметтік үйлесімдік пен саяси тұрақтылықты жария етті.

Діни рәсімдерді еркін атқару үшін белгілі бір талаптар қойылған болса да, кейбір келіспеушіліктер орын алып тұрады. Діни себептермен түсіндірілетін кейбір террористік актілерге байланысты діни сенім жөніндегі сұрақтар мен пікірталастар жиі туындап тұрады. Әсіресе осындай фактілер елдің үлкен қалаларында кездеседі. Мысалы, 2011 жылы болған терактілерден кейін қауіпсіздікті күшейту үшін және халықты діни экстремизмнен қорғау мақсатында заңдар қабылданды. Бірақ, әдетте, бұл мәселелер тек саяси тұрғыдан қаралып, талқыланады, мұның соңы діни сенім бостандығын шектеуге әкеліп соғады. Атап айтқанда, бұл заңдар адам саны аз діни топтарға қатысты болады, олар, жеткілікті ұйымдастыру құрылымдары болмағандықтан, өздерінің тіркеу құжаттарынан айырылып

¹ Қазақстан Республикасы астанасының атауы 20.03.2019 жылы Нұр-Сұлтан болып өзгерді. Мәтінде Астана болып айтылады.

қалудан қорқады. Мемлекетте дін ретінде ресми тіркелмегендіктен, белгілі бір діни рәсімдерін өткізуге шектеу қойылады, тыйым салынады, тіпті жазаға тартылуы да мүмкін.

Зайырлы үкімет пен халықтың арасында пайда болған алшақтық ұлғая бастады. Олардың көпшілігінің діни көзқарасы мен сенім деңгейі алуан түрлі. Сондықтан, мемлекет қауіпсіздігін қорғау мәселесі мен жылдан жылға саны өсіп келе жатқан халықтың дінге деген сұранысын байланыстыратын үйлесімді теңгерім тапқан жөн.

Missio мен Renovabis e.V. бірлесіп неміс басылымында жариялаған бұл баяндамада Қазақстанның тарихы және ағымдағы дамуы қарастырылады және осы Орталық Азия еліндегі діни бостандық жағдайына талдау жасалады.

Құрметпен,

Пастор Дирк Бингенер, «mission» қоғамының президенті

*Пастор Кристиан Хартл,
«Renovabis» ассоциацияның бас директоры*

ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХ, САЯСАТ, ҚОҒАМ

Қазіргі Орталық Азия халқы орта ғасырларда көшпелі тайпалық қоғамда өмір сүрді. Олар өзін қоршаған ортадағы басқа да тіршілік иелерімен байланыста екеніне сенді. Ол кезде халықтың негізгі діни наным – шаманизм еді. Шаманизмнің негізгі ұстанымы – бақысының ғаламат сиқыр күші бар, сондықтан ол дін қызметшісі немесе абыз болып есептеледі. Бұл өмір салтындағы алғашқы сілкініс VIII ғасырда өтті. Ұлы Жібек жолының бір бөлшегі болып саналатын Орталық Азияның жерлерінде өркендеп келе жатқан сауда қатынастары барысында ислам діні кеңінен тарала бастады. Алайда көшпенділер жаңа дінге өте сақтықпен қарағандықтан, олардың исламды қабылдауы баяу және біртіндеп өткенін айта кету керек.²

XIII–XIV ғасырлар аралығында қазіргі Қазақстан аумағындағы дала кеңістігі түрлі саяси өзгерістерге толы болды. Әуелі Шыңғысхан әскерлері жаулап алды, сонан соң Ақсақ Темірдің³ басқыншылары келді. Ұлы Иван (1440–1505) үшін де көшпенділер елінің маңызы зор еді. Ұлы князь Московскийдің мақсаты православты Ресей жеріндегі монғол үстемдігін жоқ ету болды. Исламдандырудың үлкен толқыны XV–XVI ғасырларда өтті, негізінен ол елге исламның⁴ сопылық ағымын әкелді. Сонда да қазақ көшпенділері жаңа діни уағыздарды салыстырмалы түрде кеш қабылдады және өздерінің өмір салтына олардың кейбір түрлерін ғана енгізді.

1720 жылдары I Петр патша православты Ресей империясы жөнінде өз көзқарасын енгізді. Империяның сыртқы шекарасын барынша ұлғайту тек қана автономды аумақтық әкімшіліктер құру арқылы ғана жүзеге асуы мүмкін болды. I Петр Ресейге бағынышты елдерді біртұтас қалыпқа енгізу үшін гомогенді дін қалыптастыру қажет деп есептеді. Бұл саясат мешіттердің⁵ кең көлемде жойылуына себепші болды. Бұның басқа

² Ленц-Райманн, Катрин. Исламның секьюриттелуі: Шырғалаң шеңбер. Терроризммен күрес және Орталық Азиядағы дін бостандығы. Билефельд: Баспагер Транскрипт, 2014. – Б. 118.

³ Бахнер, Кристиан. Патшалық Ресейдің Орталық Азияға енуі және Ресей әкімшілігінің құрылуы (1865 жыл мен 1890 жылдар аралығында). Диссертация, 2001, – 13 бет. URL: <https://core.ac.uk/download/pdf/11540031.pdf> (қараған күні: 20.05.2019).

⁴ Хальбах, Уве. ТМД-дағы ислам. Аумақтық және ұлттық деңгейлер (баяндамалар) BIOst, 27–1996. Шығыс және халықаралық зерттеулер федералдық институты (Баспагер). – Б. 24.

⁵ Хамид, Адиб. Коммунизмнен кейінгі Ислам: Орта Азиядағы дін мен саясат. Лондон, Калифорния университеті, 2007. – Б. 36.

жағымсыз салдары құқық жүйесін реформалау еді. Енді құқық жүйесі шарифатқа⁶ емес, патшаның жарлықтарына бағынды.

Ұлы патшайым деп танылған Екатерина II тұсында парадигма ауысты, бұл өте маңызды салдарларға әкелді (1729–1796 жж.). Дінді қабылдау ресми саясаттың жаңа тұжырымы болды. Сол себепті мұсылман қоғамымен арақатынас жақсарды, соның нәтижесінде әйел патшаға деген жақсы пікір қалыптасты. Діни сенімнің индустриялануына 1788 жылы Оренбургте мұсылмандардың діни кеңесінің құрылуы әсер етті. Ол діни әкімшіліктің⁷ жұмысын жүргізетін болды. Патша сондай-ақ татар миссионерлеріне жергілікті халықтың отырықшы елге айналуына ықпал етуді тапсырды, бұл көшпенділерді⁸ урбанизациялау жолындағы маңызды қадам еді. XIX ғасырда II Екатеринаның саясаты тоқтаған соң, бұл көзқарас та өзгерді. Бұдан былай ислам дамуы түзу ағым ретінде қарастырылмады, керісінше ол, сол уақыттан жеткен жазбаларға, қарағанда көзсіз, дәлелсіз дін ретінде танылып, оның әсерінен қазақ халқы өздерін қорғай алады деген насихат таратылды.

Кеңес Одағында коммунистік үкіметтің қатты қолдауы мен атеизмді насихаттаудың арқасында діни ой-пікірлерді жаныштап басу жүзеге асты. 1917 жыл мен 1939 жылдар аралығында 140 000 мұсылман дін қызметкері қамауға алынды, елден қуылды, тіпті өлтірілді де.⁹ Коммунистік жүйе үшін адамдардың діни көзқарастары қиын мәселе бола тұрса да, трансценденттік сенімдер сақталып қалды және күнделікті діни рәсімдер¹⁰ орындала берді. Кеңестік жүйе бақылауды сақтап қалу мақсатында діни ағымдарды кеңестік заң нормаларына¹¹ сәйкестендіруге әрекет жасады. Мұның мәнісі дін мемлекетке адал болуы үшін бейімделе білуі керек. Сонымен бірге, діни қоғамдар жаппай қуғын-сүргінге түскендіктен, қандай да

⁶ Бахнер, 15-бет (3-сілтеме).

⁷ Халид, 36-бет (5-сілтеме).

⁸ Хальбах, 24-бет (4-сілтеме).

⁹ Тибо, Элен. Орталық Азияда секуляризациялаудың кеңестік жобасы: Бейімдеу мен институционалдық мұра: Евроштудия 10 (2015) 1, 11–31 бет, осында: 13 бет, URL: <https://doi.org/10.7202/1032440ar> (қараған күні: 17.05.2019).

¹⁰ Халид, 36-бет (5-сілтеме).

¹¹ Тибо, 15-бет (9-сілтеме).

бір жеке діннің негізін зерттеуге мүмкіндік болмады. Кейбір жекелеген жағдайларда тіркелмеген¹² діни оқулар жүргізілді.

Кеңес Одағы тарқап, Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан соң діни қауымдардың жұмысы жандана бастады. Жаңа мешіттер мен басқа да діни ғимараттар салынды, ескі ғимараттар жөндеуден өткізілді. Қазір Қазақстанда түрлі діни сенімге ерекше маңыз беретін, дінді өзінің өмір салтына айналдырған жастар баршылық.

Кейінгі жылдары Қазақстанда бала туу деңгейі күрт өсіп жатыр, әсіресе бұл этникалық қазақтар арасында көптеп кездеседі. Қазіргі уақытта елдегі халықтың саны 18,2 млн.¹³ адам. Оның басым бөлігі – қазақтар (63,1%), орыстар (23,7%), одан кейін өзбектер (2,9%), украиндар (2,1%), ұйғырлар (1,4%), татарлар (1,3%), немістер (1,1%) және басқалар (4,4%).¹⁴

¹² Сонда, 16-бет.

¹³ Дүниежүзілік банк, Қазақстан, URL: <https://data.worldbank.org/country/kazakhstan> (қараған күні: 22.05.2019).

¹⁴ Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі: Халық санағының 2009 ж. қорытындысы. Аналитикалық талдау есебі, Астана, 2011. – Б. 19. URL: https://www.liportal.de/fileadmin/user_upload/oefentlich/Kasachstan/40_gesellschaft/Kaz2009_Analytical_report.pdf (қараған күні: 15.05.2019).

ЕЛДЕГІ ДІНИ ҚАУЫМДАСТЫҚ

Бүгінгі Қазақстанда бірнеше діндер бейбіт, қатар өмір сүріп келеді. Пайызға шаққанда, көпшілігі мұсылмандар – 63%, халықтың 33%-ы – православтар, 2%-ы – католиктер және 1%-ы – протестанттар. Бұл деректер тіркеуден өткен діни бірлестіктер¹⁵ туралы мемлекеттік мәлімет болып табылады.

Ислам діни кеңінен таралған дін болып есептелсе де, Қазақстан Солтүстік Африка және Таяу Шығыстағы мемлекеттер сияқты мұсылман елі болып саналмайды. Классикалық ғылыми тұжырымға (доктрина) ішінара қайшы келетін әдет-жоралғылардың діни рәсімдермен қатар жүруі тек Қазақстанда емес, бүкіл Орталық Азияда кездесетін үрдіс.¹⁶ Оның себебін тарихтан табымыз. Ислам дінін қабылдаудың шешуші кезеңі XV және XVI ғасырларға келеді. Нақшбандија тариқаты мен Ясауи тариқаты өздерінің миссионерлік қызметтері арқылы халықтың көпшілігін ислам дініне енгізді. Дәл ІІ Екатерина тұсында ислам айтарлықтай тарала бастады, кейіннен, әуелі Ресей, сонан соң Кеңес империясының кезең-кезеңмен қайталанып отыратын қуғынына ұшырады. Алайда, осы уақыт ішінде мұсылмандық таным, білім жүйелері әртүрлі басқа да мәдени құндылықтармен кездесіп, араласып кетті. Бұларға түрік-монғол идеологиясы, шыңғыс тұқымының қасиетті құқықтары, шаманизм және монғол билеушілерінің¹⁷ көк тәңірден жаратылғанына сену жатады. Осы жағдайлар Орталық Азиядағы дінге ұзақ уақыттар бойы әсер етті, соның нәтижесінде Таяу және Орта Шығыс елдерімен салыстырғанда діни әдеттер мен жоралғыларда айырмашылықтар орын алды. Мысалы, Қазақстанда зайырлы заңдардан шарифатты жоғары қойып, соған жүгінетін мұсылмандардың саны аз. Жалпы алғанда, Қазақстандағы ислам Таяу Шығыстың басқа елдеріне қарағанда саясатқа араласпайды десе де болады.

¹⁵ URL: <https://tengrinews.kz/sng/kazakhstan-v-sng-zanimaet-4-e-mesto-po-chislumusulman-209037/>; <http://www.religions-congress.org/content/view/125/35/lang,орысша/>; http://www.stoletie.ru/geopolitika/skolko_pravoslavnyh_v_kazahstane_2010-12-02.htm (қараған күні: 31.10.2019). Автордың ескертуі: Бір-бірінен айырмашылығы шамалы бірсыпыра статистика бар. Олардың айырмашылығы мынада: Біреулері діни қауымдарда тіркелген дінге сенушілерді есепке алады, ал басқасы жеке адамның өзін конфессияның қандай да бір түріне жатқызатынына негізделген мәліметтерге сүйенеді.

¹⁶ Сидиков Баходир. Сол қолда арақ, оң қолда Құран. Посткеңестік Орталық Азиядағы халықтық исламның феномені: Орталық Азияны талдау: Ислам. Қаржылық дағдарыс, № 10 (2008). – Б. 2. URL: <http://www.laender-analysen.de/zentralasien/archiv.php> (қараған күні: 11.06.2019).

¹⁷ Хальбах, 24-бет (4-сілтеме).

Бүгінгі күні Қазақстанда исламның ханафиттік ымырашыл мектебі жұмыс істейді. Ол өзінің избасарларының арасында ұлы имам атағына ие, Әбу Ханіфа ан-Нуман ибн Сәбит әл-Күфи есімді белгілі ғалымның ізденістерінен бастау алады. Кеңес заманында жалпы барлық дінмен күрес жүргізілгенін еске алсақ, онда елдегі исламға жаппай бой ұруы таңданарлық іс болып көрінуі мүмкін, өйткені Қазақстанның тәуелсіздік алғанына әлі 30 жыл да толған жоқ. Алайда, кеңестік кезеңде ислам діни және ізгілік принциптерін атқару жүйесі ретінде және күнделікті өмірдің діни рәсімдерді¹⁸ орындайтын бір бөлігі ретінде өмір сүруін жалғастыра берді. Сонымен, бір жағынан осы қалыптасқан діни ахуалға тәуелсіздік алғаннан соң қол жеткізу мүмкін болса, екінші жағынан, осы мұсылман қағидаларының басқа да діни құндылықтармен және Кеңес Одағының жаттанды тәрбиелік ұстанымдарымен жаңаша араласуына әкеліп соқты. Мысал ретінде шошқа етін жеуді немесе арақ-шарап ішуді алуға болады, ал ислам дінінде бұларға қатаң тыйым салынғаны белгілі.¹⁹

Қазақстан христиандарының көпшілігі орыс православтық сенімді ұстанады. Мұны тарихи тұрғыдан, әсіресе Ресей экспансиясымен түсіндіруге болады. Әрине, 1990 жылдан кейін шіркеулер мен ғибадатханаларды қалпына келтіру үшін жүргізілген кең ауқымды жұмыстар басты рөлді атқарды. Бүкіл ел бойынша қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді: Алматы қаласында Әулие Вознесенск кафедралдық соборы, Павлодар қаласындағы Благовещенск соборы, Сәтбаев қаласындағы Әулие Никольский ғибадатханасы, Екібастұз қаласындағы Серафим-Иверск ғибадатханасы.²⁰ Барлығы ел аумағында 295 шіркеу болса, оның көпшілігі Алматы, Ақмола, Қостанай облыстарында және елдің солтүстігі мен шығысында орналасқан.²¹ Бұл шіркеудің барлығына жуығында өздерімен біріккен мектептері бар, олар оқушыларына православ дінінің ілімі туралы түбегейлі білім береді.

¹⁸ Зейферт, Арне С., Орталық Азиядағы саяси ислам демократияның қарсыласы немесе әріптесі: Орталық Азияға талдау. Орталық Азиядағы Ислам, № 54 (2012). – Б. 3. URL: <http://www.laender-analysen.de/zentralasien/archiv.php> (қараған күні: 11.06.2019).

¹⁹ Сидиков, 2-бет (16-сілтеме).

²⁰ Балпанов Нұрлан, Исмағамбетова Зухра Н., Қарабаева Әлия Г., Мирзабекова Алма Ш., Рысбекова Шәмшия С. Қазақстандағы діни төзімділіктің мәселесі: Бұрынғы және қазіргі: Кеңдік пен мәдениет, Индия. 2018. Б. 26. URL: <http://www.spaceandculture.in/index.php/spaceandculture/article/view/318/216> (қараған күні: 14.05.2019).

²¹ Сонда, 25-бет.

Діни оқу мен қоғаммен байланыстарды үйлестіруді жақсарту мақсатында 2003 жылдың мамыр айында орыс православ шіркеуінің Синоды Қазақстанда Митрополиттік өкілдік құру туралы шешім қабылдады, оның құрамына астаналық, оралдық және шымкенттік епархиялар кіреді. Бұл Қазақстандағы православ шіркеуіне құрылымдық реформа жасау жөніндегі жоспардың бір бөлігі еді. Ресеймен тығыз байланыстың айғағы тек осы емес. 2010 жылдың қаңтар айында Мәскеу және бүкіл Ресей Патриархы I Кирилл Қазақстанға келді. Астана мен Алматыдағы кездесулерден бөлек Патриарх Астанадағы Успен кафедралдық ғибадатханасына ұлы қасиетті шарапат жасау шенін өткізді. Қазақстанда христиандықты білдіретін сипат ең бірінші Орыс православ шіркеуі арқылы құралады, сонымен қатар мұнда бірнеше католиктер қоғамы бар.

Қазіргі уақытта елде католик шіркеуінің²² 182 600 мүшесі тұрып жатыр. Кеңес Одағында католик шіркеулеріне қатты қысым көрсетілгендіктен, олар бертінде іс жүзінде толық қайта жасақталды. Алайда, тиісті дайындықтары бар дін қайраткерлері мен дін қызметшілері қатты қажет болды.²³ Мұның орны бір жағынан Қазақстанға Германиядан, Польшадан, Словакиядан, Италиядан, Франциядан²⁴ келген діни қызметкерлермен толықты. Екінші жағынан, көптеген этникалық немістер 1990 жылдары өз тарихи отанына қайта оралды, көп ұзамай олардан соң поляктар мен беларустар кетті.

Бұл діншілдерден айырылу католик шіркеуіне әжептәуір соққы болды. Сондықтан да Папа Иоанн II Павелдің 2001 жылдың 22 мен 25 қыркүйек аралығында Қазақстанға келуі католик шіркеуінің өмірінде аса маңызды оқиға болды. Әлемде құрметке ерекше ие Патриархтың елімізге сапары осы дінге сенушілердің үлкен жиынына ұласты, ол жиынға тек қана Қазақстаннан емес, басқа да көршілес аймақтардан адамдар көп жиналды. Бұған дейін президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1998 жылы Рим қаласына баруына байланысты Қазақстан мен Ватиканның қарым-қатынасы

²² Панто, Дмитрий. Қазақстандағы католик шіркеуінің жандануы. Тарих, мемлекетпен қарым-қатынас, қоғамдық және әлеуметтік ғылымдар факультетінің colloquium: Colloquium wydziału nauk humanistycznych i społecznych, 4 (2015), 173–188 бет, осында: 186 бет, URL: <http://bazhum.muzhp.pl/media//files/Colloquium/Colloquium-r2015-t-n4/Colloquium-r2015-t-n4-s173-188/Colloquium-r2015-t-n4-s173-188.pdf> (қараған күні: 11.06.2019).

²³ Сонда, 176-бет.

²⁴ Сонда, 175-бет.

жаңа жолға қойылып, ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған еді. Нұрсұлтан Назарбаев осындай қадамға барған бұрынғы Кеңес Республикаларынан бірінші басшы еді. Осының нәтижесінде Рим Папасы Нұрсұлтан Әбішұлын Пия орденімен марапаттады, бүкіл әлемде бұл марапатты тек қана 15 саясаткер алған болатын.²⁵

Қазақстанда дінге сенушілердің көпшілігі өзін мұсылман немесе христиан деп таныстырады.²⁶ Бірақ адамдардың саны аз ұжымдар да бар.

Қазақстанда 45 000 нан 50 000-ға дейін еврейлер тұрады, олар негізінен Астана, Алматы және Шымкент сияқты үлкен қалаларда, сондай-ақ ауылдық жерлерде орналасқан. 1991 жылдан бастап Қазақстаннан дінге сенуші 75 000 еврей көшіп кетті, көпшілігі Израильға, Германияға, АҚШ және Ресейге көшіп барды.²⁷ Қыс мезгілінде ауылдық жерлердегі еврей ұйымдарына жету өте қиын болғандықтан 13 Хэсэд офистері жұмыс істейді (ивриттен – мейірімділік, қамқорлық). Олар Америка еврейлерінің біріккен орналастырушы комитетінің қарамағында тұрады, отбасыларын керекті азық түлікпен, тұрмыс заттарымен қамтамасыз етеді.²⁸

Иудаизм сияқты буддизмнің де жақтаушылары өте аз. Алғашқы байланыс I ғасырда өтіп, XVI–XVII ғасырлар арасында елдің шығыс пен оңтүстігінде монастырьлер белсенді жұмыс жүргізді десекте, дін қоғамда тұрақтана алмады.²⁹ Бүгінгі күні буддизмді қолданатын азаматтардың саны аз, негізінен олар Корея мен Тибеттің өкілдері.

Қазақстандағы діндерді қарастыру үшін Кеңес Одағы мұрасының да үлкен маңызы бар. Посткеңестік кезең жаңа еркіндіктер берді, олардың әсер етуі әртүрлі. Бір жағынан көптеген діни қауымның жамағаты азайды, өйткені олар өздерінің тарихи отандарына қайта оралған еді. Екінші жағынан, өзінің діни мұрасына оралуға мүмкіндік туды, сол себепті дінге сенушілердің саны өсті. Ашық түрде діни дәстүрлерді орындауға және

²⁵ Балпанов, 33-бет (20-сілтеме).

²⁶ Балпанов, 23-бет.

²⁷ Йордан Михаэль Й. Қазақстанда қашықтықтағы карым-қатынастар: Үлкен қашықтықтар елде қауымдар құруға кедергі келтіреді: Жалпы еврейлік (12.02.2009), URL: <https://www.juedische-allgemeine.de/allgemein/fernbeziehung/>(қараған күні: 14.04.2019).

²⁸ Сонда.

²⁹ Берзин, Александр. Батыс Түркістандағы буддизмнің тарихы. URL: <https://studybuddhism.com/de/fortgeschrittene-studien/geschichte-und-kultur/buddhismus-in-zentralasien/geschichte-des-buddhismus-in-westturkestan> (қараған күні: 14.04.2019).

құлшылық жасайтын үйлердің, ғибадатханалар мен шіркеулердің құрылысына дінді бақылап және шектеп отыратын мемлекеттік ұстанымдар кедергі келтірді. 2011 жылдың 13 қазанында дін қызметі жөнінде қабылданған заң ең алдымен ислам экстремизміне байланысты жағдайды бақылап отыруды көздесе де, іс жүзінде мойындалған, тіркеуі бар діни қауымдардың саны 46-дан 17-ге дейін қысқарды.³⁰

³⁰ Бертельсманнның қоры, ВТИ, 2016. – Қазақстан жөнінде баяндама. URL: <https://www.bti-project.org/de/berichte/laenderberichte/detail/itc/kaz/ity/2016/itr/pse/> (қараған күні: 17.05.2019).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕКТЕУЛЕР

Халықаралық құқықтың маңызды нормасының бірі – Азаматтық және саяси құқықтары жөніндегі халықаралық пакт (16 желтоқсан, 1966) (АСҚХП),³¹ ол 1976 жылдың 23 наурызында күшіне енді, ал Қазақстан оған 2006 жылы 26 қаңтарда қосылды.³² АСҚХП-тің 18-бабы дін бостандығы жөнінде анықтама береді және халықаралық құқыққа сәйкес, оны Қазақстан оны орындауға міндетті:

Әрбір адамның ар-ұждан, дін және ой бостандығына құқығы бар. Бұл құқық дінді немесе нанымды өз қалауынша білу немесе қабылдау бостандығын және өз діні мен нанымын жеке немесе басқалармен бірге отыра жариялы немесе жеке ұстануды, сондай-ақ, діни рәсімдерді іске асыруды және діни ілімдер мен әдет жоралғыларын орындауды білдіреді.

Ешкімнің дін мен нанымды өз қалауы бойынша білу немесе қабылдаудағы бостандығына еріксіз жәбір көрсетуге немесе араласуға болмайды.

Дін мен нанымды ұстану бостандығына шектеулер тек қана заңға сәйкес қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіп пен денсаулықты, ізгілікті, сондай-ақ өзге адамдардың басты құқықтары мен бостандығын қорғау үшін қолданылады.

Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ата-аналардың бостандығын құрметтеуге міндетті. Сондай-ақ қажетті жағдайларда балалардың заңды қамқоршыларын да сыйлауға тиісті. Және балаларына өз нанымдарына сәйкес діни және адамгершілік тәрбие беруді қамтамасыз етуі керек.

Қазақстан 2009 жылдың 30 маусымында жеке шағымдарды беру және оны қарау жөніндегі факультативтік протоколға (16 желтоқсан 1966 жылғы) қосылды. Ол жеке тұлғалардың адам құқықтары жөніндегі Комитетке³³ арыз-шағым беруге мүмкіндік жасайды.

³¹ Біріккен Ұлттар ұйымының Бас ассамблеясы, Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт, 16 желтоқсан 1966, 23.03.1976 ж. күшіне енді (999 UNTS 171), неміс тіліне аударылған, URL: http://www.institut-fuer-menschenrechte.de/fileadmin/user_upload/PDF-Dateien/Pakte_Konventionen/ICCPR/iccpr_de.pdf (қараған күні: 09.09.2019).

³² БҰҰ-ның келісімшарттар жинағы, келісімшарттардың статусы. URL: https://treaties.un.org/Pages/ViewDetails.aspx?src=TREATY&mtdsg_no=IV-4&chapter=4&lang=en (қараған күні: 09.09.2019).

³³ БҰҰ-ның келісімшарттар жинағы, келісімшарттардың статусы. URL: https://treaties.un.org/Pages/ViewDetails.aspx?src=TREATY&mtdsg_no=IV-5&chapter=4&lang=en (қараған күні: 09.09.2019).

Жалпы ескертпелер (General Comment) No. 22, 20.07.1993 жылғы АСҚХП-да көрсетілген кейбір құқықтарды нақтылайды. Онда діни сенім бостандығы әмбебап ретінде көрсетіледі, яғни ол барлық адамдар мен нанымдарға бірдей қолданылады. «18-бап теистикалық, теистикалық емес және атеистикалық нанымдарды қорғайды, сондай-ақ ешқандай дін мен нанымды ұстамауға құқық береді».³⁴ Сонымен қатар, ол өзінің діни мен нанымын өзгертуге еркіндік береді (5-тармақ). Бұдан бөлек өзінің ар-ожданының қалауымен әскери қызметтен бас тартуға мүмкіндік беріліп, оны осы қызметтің балама түріне ауыстыруы керек (11-тармақ).

АСҚХП-да көрсетілген діни сенім бостандығына арналған мемлекеттік шектеулер осы құқықтың маңызын сақтауға бағытталған қатаң критерийлерге байланысты. Соған орай қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті және өзге де тұлғалардың құқығын қорғау мақсатындағы мүмкін болған құқықтық шектеулер тек қана *forum extemnum*-ге сүйенеді, ол сыртқа әлем алдында нанымның іске асуын түсіндіреді. Адамның жеке сақтығы мен оның нанымы құралатын ішкі дүниесін *forum internum* деп белгілейді.

АСҚХП-ны ратифициялаған мемлекеттердің үкіметтері өздеріне діни сенім бостандығын құрметтейміз, қорғаймыз және оған кепілдік береміз деген міндеттеме алған. Мемлекет діни сенім бостандығына негізсіз араласпауы керек, оны басқа тұлғалардың шектеулерінен қорғауы тиіс және діни сенім бостандығын адам құқықтарының бірі ретінде қолдауы керек. Сонымен қатар оларға осындай құқықтық жеңілдіктерді беруді жеңілдететін тиісті кешенді шаралар өткізуді қарастыруы қажет.³⁵

³⁴ БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі комитеті, жалпы негіздегі ескертпелер № 22: Ой, ар-ождан және дін бостандығы жөніндегі құқық (18-бап АСҚХП), 20.07.1993 (CCPR/C/21/Rev.1/Add.4), 2-тармақ.

³⁵ Билефельдт, Хайнер. Дін еркіндігі – жиі қате түсіндіріледі, бірақ қажет. – Діни сенім бостандығы. Негіздер. Ой-толғамдар-модельдер (Бір дүниенің теологиясы 5) – Клаус Кремер/Клаус Вельгут (баспагер), Брейсгау ат.Фрейбург 2014, 115–137 беттер, осында: 121–124 беттер.

ДІНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ

Конституциялық негіздер

Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған Конституциясының бірінші бабында зайырлы мемлекет туралы нақты айтылады: «Қазақстан Республикасы өзінің демократиялық зайырлы [...] мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».³⁶ Бұл Конституцияның кіріспесінен де көрініп тұр. Онда еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына сай бейбіт қатар өмір сүру жөнінде айтылады. 4-бапта Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар немесе өзі қатысушы болатын шарттардың қолданылуы заңдық тұрғыдан міндетті болып табылатыны нақты жазылған.³⁷ Төменде діни сенім мен нанымдар бостандығы үшін шешуші маңызы бар бөлімдер келтірілген:

5-бап

4) Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтардың қызметіне, діни негіздегі партияларға, сондай-ақ, саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.

5) Шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады [...].

14-бап

1) Заң мен сот алдында адамдардың бәрі тең.

2) Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

³⁶ Қазақстан Республикасының Елшілігі, ҚР Конституциясы, URL: <http://mfa.gov.kz/en/hague/content-view/the-constitution-of-the-republic-of-kazakhstan> (қапаған күні: 15.05.2019).

³⁷ Сонда.

19-бап

1) Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.

20-бап

3) Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік, топтық, діни және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

Осы үзінділерден көргеніміздей, діни сенім бостандығы Қазақстан Конституциясында бекітілген. Солай бола тұрса да, діни қауымдардың қызметі мен еркіндіктеріне саяси уәжді араласулардың кездесіп тұратынын нақты көрсетуіміз қажет (келесі бөлімді «Діни сенім бостандығының бұзылуы» қараңыз).³⁸

Діни сенім бостандығының бұзылуы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заңы

2011 жылы еліміздің кейбір аудандарында радикалдық қылмыстық топтар тарапынан террористік актілер жиі орын алды. Қарулы шабуылдар, лаңкес-жанкештілердің шабуылы және Алматы, Шымкент, Ақтөбе мен Астанада орын алған атыстар жұртты қатты шошытты. Жекелеген адамдардың бақылаудан тыс радикалданғанынан қауіптенген Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 13 қазан 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заң қабылдады. Бұл кешіктірместен қарсылық толқынын тудырды. Мысалы: «Халифат сарбаздары» (Джунд аль-Хилифа) діни рәсімдерді өткізуге қойылған шектеулерді, жұмыс орнында намаз оқуға салынған тыйымды алып тастауды талап етті, бұлай болмаған жағдайда, терактілер ұйымдастырамыз деп қоқан-лоқы жасады. Мысалы, «Халифат сарбаздары» 2011 жылғы 12 қарашада Таразда болған

³⁸ URL: http://www.forum18.org/archive.php?article_id=2448 (қараған күні: 15.04.2020).

кісі өлімдерін өз жауапкершілігіне алды. Бұл оқиғаның салдарынан полицияның бес қызметкері мен екі бейбіт тұрғын қаза болды.³⁹

Жаңа заңды халықаралық ұйымдар да сынға алды. Діни сенім бостандығын қорғау жағдайының нашарлағанын Европалық Одақ қана емес, сонымен қатар Фридом Хаус индексі немесе Бертельсманнның трансформациялау индексі де көрсетті. Олар Қазақстанда болған оқиғаларға тиісті құжаттар толтырды.

Діни топтарға қайта тіркеуден өтуді міндеттеу жаңа заң орнатқан маңызы үлкен шектеулердің бірі болды. Осы заң қабылданған соң көп кешікпей 78 ұжым өздерінің қиын жағдайға ұшырағанын мәлімдеді және заңның қолдану шарттарын әділетсіз деп бағалады. Бұл тұжырыммен демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі ОБСЕ бюросы мен Фридом Хаус келісті.⁴⁰ Дегенмен де Қазақстан үкіметі елдегі тіркелген барлық діни топтарға тексеріс жүргізді. Жаңа стандарттарға сәйкес, жергілікті бірлестіктердің мүшелері 50-ден кем болмауы керек, аумақтағылардың саны 500-ден, ал ұлттық бірлестіктердің мүшелері 5000-нан кем болмауы тиіс. Соның нәтижесінде шағын қауымдар мен секталардың осы процесстен өтуі мен қайта тіркелуінің мүмкіндігі аз болды.⁴¹

Каспий қоғамдық университетінің профессоры және діндер туралы эксперт Роман Подопригора 2 наурыз 2019 жылы берген сұхбатында⁴² бұл жаңа талаптардың іске асуы өте қиын екенін айтты, әсіресе ауылдық жерлердегі жағдайдың тіпті қиын екенін атап көрсетті. Бұл жерлерде діни ұйымдар қажетті 50 мүшені қабылдау үшін көмекті көршілерінен, достарынан немесе отбасыларынан сұрайды. Тіпті ресми критерийлерге сай жұмыс жүргізгеннің өзінде оны шенеуліктер тіркеуден өткізбеуі мүмкін. Подопригора мысал ретінде Қазақстандағы саентология қозғалысын алады.

³⁹ Логвинов, Михаил. Сарбаздар мен олардың Халифаты. Жихадшылар назарындағы Қазақстан: Орталық Азияны талдау: Қазақстандағы исламшылдық. Қазақстандағы парламенттік сайлаудың қорытындылары, № 49 (2012). Б.3. URL: <http://www.laender-analysen.de/zentralasien/archiv.php> (қараған күні: 11.06.2019).

⁴⁰ Волошин, Георгий. Қазақстандағы діндер туралы жаңа заңды мұсылмандар мен үкіметтік емес ұйымдар сынады: Орталық Азия мен Кавказ бойынша талдаушы (19.10.2011). URL: <http://www.cacianalyst.org/publications/field-reports/item/12379-field-reports-caci-analyst-2011-10-19-art-12379.html> (қараған күні: 20.05.2019).

⁴¹ Сонда.

⁴² Қосымшаны қараңыз.

Ғалым, сонымен қатар, мұсылман ұйымдарының тіркелуіне көңіл аударады. Бұл қауымдар Қазақстан Діни басқармасынан (ҚДБ) тыс жұмыс жүргізе алмайды. ҚДБ-на кіруден бас тартқандардың тіркелуге мүмкіншілігі болмайды. Қазақстанда татар-башқұрт мешіті ондаған жылдар бойы жұмыс істеп тұрған еді, алайда 2011 жылы қабылданған жаңа заңның талаптарын орындамағандықтан, тіркеуден өте алмады. Соның салдарынан өз ғимараты мен жер телімінен айырылды.

Сот процестері

Тек 2018 жылдың өзінде діндер туралы қазақстандық заңнаманы бұзудың 164 оқиғасы тіркелді. Бірақ олар әлемдік стандарттарға сай жүргізілмеді, 139 іс жазалаумен аяқталды. Бұған қоса, діни рәсімдерді орындауға тыйым салу, айыппұлдар, тәркілеу және діни әдебиеттерді жою, қысқа мерзімге түрмеге жабу және депортациялау қарастырылған. Айыппұлдың көлемі орта айлық кіріспен анықталады және осыған орай ол 3 тәуліктен 4 айға дейінгі мерзімді құрайды (84 175 теңге – 481 000 теңге), бұл шамамен 200 ден 1 200 еуроға⁴³ сай келеді.

2018 жылы құлшылық жасауға жиналған адамдардың, топтардың немесе бірлестіктердің үстінен жалпы алғанда 37 іс қозғалған еді. Бұған көбінесе діни бірлестіктердің тіркелмегені себеп болды деп айтылды. Осының 17 оқиғасы бойынша адамдарға өздерінің діни сенімдерімен бөліскені немесе оны уағыздағаны үшін құпия шағымдар түскен.

Мұсылмандар үшін өздерін мешітте қалай ұстау керек екендігі жөнінде арнайы ереже бар. Бұл нұсқаулардың бұзылуы туралы да 20 факті тіркелген. Кінә тағылған 20 адамның 19-ына айыппұл салынған.⁴⁴

Қатаң бұйрықтардың әсері жекелеген жағдайда имамдарға да білінді. «Діни қызметтер мен діни бірлестіктер туралы» жаңа заңның 4-бабының 6-тармағы-баптары құзыретті мекемелерге діни сипаттағы материалдар тарап кетпей тұрып, оларға діни танымдық сараптама жүргізуді міндеттейді. Бұл іс жүзінде типтік мәтіндердің құрылуына әкелді, әсіресе, жұма күні оқылатын діни уағыздар үшін. Имамдар уағыз мәтіндерін бейсенбі

⁴³ Корли, Феликс, Қазақстан: 2018 жылы 164 әкімшілік іс-тізім, 2019. URL: http://www.forum18.org/archive.php?article_id=2448 (қараған күні: 15.04.2020).

⁴⁴ Корли, Феликс, Қазақстан: 2018 жылы 164 әкімшілік іс-тізім, 2019. URL: http://www.forum18.org/archive.php?article_id=2448 (қараған күні: 15.04.2020).

күндері қарауға ұсынатын болды. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушы шетелдіктер де айыппұл төлеуге дайын болуы керек. Мысалы, Ұланбек Жұмашев діни сенімін ашық уағыздағаны үшін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік кодексінің 490-бабы 3-тармағын бұзды деп айыпталып, 2018 жылдың 22 тамызында елден шығарылды.⁴⁵

Мемлекет араласуының басқа мысалдары

Мемлекет тарапынан діни сенім бостандығын шектеудің орын алатынын басқа да мысалдар көрсетеді. Мысалы, 2016 жылдың 19 шілдесінде баптистік дін қызметшілерінің құдайға құлшылық жасау рәсімін соттың шешімінсіз полиция қызметкерлері тоқтатып, оларға айыппұл салды.⁴⁶

2016 жылдың 19 қазанында Қазақстанның білім және ғылым, әділет, діни істер және азаматтық қоғам жөнінде министрліктер мектептерге хиджаб киіп баруға тыйым салғанын мәлім етті.⁴⁷ Бұл кейбір кезде жас мұсылман әйелдерінің айыппұлды төлеуден жалтару мақсатында мектеп қақпаларының алдына барып отыруына әкеп соқты.

2017 жылдың қаңтарында діни рәсімдерді орындауға қойылған шектеулер жас адамдар үшін арнайы қатаңдатылған еді. Соған орай, діни істер және азаматтық қоғам жөніндегі вице-министр Берік Арын кәмелетке толмағандар мешітке ересектермен бірге ғана бара алады деп 2018 жылдың қаңтарында айтты.⁴⁸

2018 жылдың мамырында дін туралы заң қайтадан күшейтіліп, бетті жабатын киім (пәренже) киюге тыйым салынды.⁴⁹ Қазақстан үкіметі ОБСЕ мен Еуропа Кеңесі венециялық комиссиясының алдын ала құқықтық баға

⁴⁵ Сонда.

⁴⁶ Орталық Азия бойынша талдаулар, хроника: Қазақстан 2016 ж. URL: http://www.laenderanalysen.de/zentralasien/chronik/Chronik_Kasachstan_2016.pdf (қараған күні: 15.05.2019).

⁴⁷ Сонда.

⁴⁸ Орталық Азия бойынша талдаулар, хроника: Қазақстан 2017 ж. URL: http://www.laenderanalysen.de/zentralasien/chronik/Chronik_Kasachstan_2017.pdf (қараған күні: 15.05.2019).

⁴⁹ Орталық Азия бойынша талдаулар, хроника: Қазақстан 2018 ж. URL: http://www.laenderanalysen.de/zentralasien/chronik/Chronik_Kasachstan_2018.pdf (қараған күні: 15.05.2019).

беру туралы ұсынысын қабылдамады.⁵⁰ Сол жылы діни оқуларды енгізуге ұсыныс жасаған барлық балабақшалар жабылды.⁵¹

Партияларға тыйым салу

Кемсітушілік тек қана әлеуметтік емес, сондай-ақ, саяси салада да байқалады. 1990 жылы қазақтардың аңыздағы бабаларына құрмет ретінде «Алаш» партиясы құрылған болатын. Партия басшылығы Қазақстандағы мұсылман діни ұйымдарын өз жақтарына тартпақшы болды. Бірақ бұдан нәтиже шықпады, әсіресе қалалар тарапынан. Ол әрі қарай батыл қимылдай отыра радикалдық ұстанымды қабылдады, сондықтан оны Қазақстан үкіметі 1994 экстремистік және фашистік ұйым деп танып, оның жұмысына тыйым салды. Оның мүшелері басқа партияларға ауысып кетті.

Сарапшылардың пікірінше, Үкімет тарапынан жасалған іс-әрекеттерде лаңкестік қауіптің кез келген түрін түп-тамырымен жою ниеті шешуші рөл атқарады. Тәжікстан тәрізді елдерге жақын орналасқаны да қауіпті арттырады, себебі үгіт-насихатты шекара арқылы тарату теріс ойлы адамдар үшін жеңілге түседі. Жаңа жақтастар тарту немесе терактілер жоспарлау қауіпі де бар. Жағдай тіпті ушығып кеткен жағдайда, террористік көзқарастағы топтардың бірігіп кетуі де мүмкін. Алайда мемлекеттің дәл осы «Алаш» партияға деген көзқарасы оның нақты мәні мен сайлау бағдарламасына байланысты емес.⁵²

Діни білім алу

Жалпы алғанда, ел аумағында діни білім мен діни тәрбиені ұйымдастыру ісінің қазақстандық билік тарапынан саналы түрде шектелгенін айтуға болады.

Тек 2018 жылдың ішінде заң тарапынан қойылған шектеулерді бұзған адамдарға қатысты көптеген іс қозғалған еді. Мысалы: діни әдебиетті тегін таратуға байланысты 10 оқиға бойынша сот ісінің қозғалғаны туралы хабарлар болған. Сондай-ақ діни әдебиет немесе бұйымдарды төменгі

⁵⁰ Ашық есіктер, Қазақстан: Жаңа заң жобалары діни сенім бостандығын шектейді (08.06.2018). URL: <https://www.opendoors.ch/news/kasachstan-neue-gesetzesvorlage-schrankt-religionsfreiheit-ein> (қараған күні: 15.05.2019).

⁵¹ Орталық Азия бойынша талдаулар (49-ескертпе ретінде).

⁵² Хальбах, 26-бет (4-сілтеме).

бағамен ұсынған адамдардың үстінен іс қозғалғаны жөнінде 32 оқиға белгілі болды. Заң бұзушылықтың 17 оқиғасында сату онлайн жүйесі бойынша іске асқан болатын. Бұның аяғы ескертулер мен айыппұлдармен, тәркіленген бұйымдарды жою және түрмеге қамаумен жалғасты. 3 адам (2017 жылы 2 адам) жауапкершілікке тартылды және оларға іс-тәжірибелік оқу саласында жіберген заң бұзушылықтары үшін айыппұлдар салынды.

Қазақстандағы Иегова куәгерлерінің мысалы көрсеткендей, әсіресе, шағын діни қауымдарға бұл мәселенің қаншалықты қиын соғатыны түсінікті жай. Олардың тоғызы 2018 жылы өздерінің діни сенімдерін уағыздағаны үшін сотталды. Бұның құқықтық негізі – Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490-бабының 3-тармағы, онда мемлекеттің тіркеуінсіз діни үгіт-насихат жүргізуге тыйым салынады. Бұдан бөлек, дінді таратуға арналған әдебиет пен ақпараттық материалдарға тыйым салынған, сонымен қатар, оларды сақтағаны үшін де айыппұл салынады.

Бұған қоса, Қазақстанда діни шығармалар мен материалдарды жою көптеген батыс елдеріне қарағанда тыйым салуға жатқызылмайды. 2018 жылы 85 ислам кітабы мен бір христиандық «Библия тарихы» деген кітап жойылды.⁵³ Бұл жерде басты ықпал етуші тұлға – ҚР Бас прокуратурасы, ол елде біршама ауқымды өкілеттіктерге ие.

Мешіт пен шіркеудің құрылысы

1990 жылдары православ шіркеуінің көптеген ғимараттары салынды немесе қайта жаңғыртудан өтті. Қазақстан православ шіркеуін халықаралық деңгейде қолдайды. Москвадағы құтқарушы Мәсіхтің ғибадатханасын қайта құру үшін ғибадатхананың қабырғасына арналған гранит Қордайдан жіберілді.

Сонымен бірге, өз елімізде де күрт өзгерістер орын алды. Мысалға айтар болсақ, Алматыда діни оқу үшін арнайы оқу орны ашылды – Алматы православиелік діни семинариясы. Оқу мекемесі оқуды толық және жарты күн өткізуді ұсынады. Оқушылар діни мәтін мен шіркеу тарихының гомилетикасымен қоса, орыс, қазақ, ағылшын тілдерінен, сондай-ақ Қазақстан

⁵³ Корли (43-сілтеме).

тарихынан терең білім алады.⁵⁴ Алматыдағы Әулие Вознесенск православиелік шіркеуінің діни қызметкері Александр Суворов өзінің 2019 жылдың 2 наурызында берген сұхбатында⁵⁵ осы оқу мекемесінің маңыздылығын атап көрсетті. Өйткені шетелдік діни оқу орындарына түсуге белгілі шектеулер қойылған, сондықтан Қазақстаннан тыс жерлерде салмақты діни білімді шамалы ғана адам алуы мүмкін. Оның айтуынша, православиелік шіркеу келушілермен діни оқу өткізуімен шектелмей, демалыс күндері балаларды мектепке дайындау сабақтарын жүргізеді. Онда оларға оқуды, есепті және жазуды үйретеді.

Кейінгі жылдары мұсылман ұйымдары үшін көптеген жаңа мешіттер бой көтерді. Әсіресе екі ірі жоба ерекшеленеді. Астанадағы 2012 жылы есігін ашқан Әзірет Сұлтан мешітінің күмбезінің биіктігі 51 метр және ені 28 метр, әрқайсысының биіктігі 77 метр болатын 4 мұнарасы бар. Мұнда 10 000 адам сыяды деп жоспарланған. Бұл Орталық Азиядағы ірі мешіт туралы қоғамда қызу пікірталастар өтті. Оны Сауд Аравиясы қаржыландырды дегендей пікірлер орын алды және оның құрылысы Қазақстанда ваххабизмді алға бастыру ниетімен байланыстырылды. Алайда, бастаушылар өз мақсаттарына жете алмады және Қазақстан Республикасында исламның өздері жоспарлаған түрін бекіте алған жоқ. Исламды әсіре дәстүршілдік көзқараспен түсіндіретін ваххабизм діни Сауд Аравиясы Корольдігінде басымдыққа ие.

Қазіргі уақытта Сауд Аравиясының қаржысына мешітке қарама қарсы жерде діни мектеп салып жатыр. Роман Подопрігора үкімет мұндай қаржыландырудың артында не тұрғанын сезеді және бұл жағдайды бақылауында ұстап отыр деп үміттенеді.

Мұсылман ұйымдары үшін Нұр-Астана мешітінің үлкен маңызы бар. Оның құрылысы 2008 жылы біткен болатын, оның күмбезінің биіктігі 40 метр және әр мұнарасы 63 метрден. Мешітте бір уақытта 5000-ге дейін адам жайғаса алады және сыртында тағы 2000 адам құлшылық етеді. Нұр-Астана мешіті сол кездегі Катар әмірі Халифа бин Хамад әл-Танидің сыйы еді.⁵⁶

⁵⁴ Балпанов, 26-бет (20-сілтеме).

⁵⁵ Қосымшаны қараңыз.

⁵⁶ URL: https://ru.sputniknews.kz/Astana_20years/20180620/6105421/stroitelstvo-astana-dengi.html (қараған күні: 15.05.2019).

Шетелдік қаржылай көмек берушілердің белсенділігі білім саласында да байқалады. 2001 жылы Мысыр үкіметінің қаржылай қолдауының арқасында ислам мәдениетінің университеті «Нұр-Мұбарак» ашылған болатын.⁵⁷ Ол Қазақстанда имамдар білім алатын бірінші университет болды.⁵⁸ 2008 жылы онда 500-ден астам студент оқыды, олар арабтану, ағылшын тілі, салыстырмалы исламтану мамандықтарын және педагогика бакалавры мен магистрі болу үшін оқыды. Білім министрі исламды зерттеу курсы ашуға аккредитация бермеді, себебі Қазақстанның зайырлы мемлекетке жататынын ескерген еді.⁵⁹

Сондай-ақ, Мысыр Алматыдағы Ислам институтын қаржыландырды. Институт Қазақстан мұсылмандары үшін «Иман» журналын шығарады, сонымен қатар қазақ тілінде Құранды басып шығарады, ислами білімді қолдайды және Қазақстанның тарихы мен этнологиялық мұрасына арналған «Ислам шапағаты» журналын шығарады. Араб қорларының Шымкентте «Отырар» қазақ-араб университеті және Қазақ-Кувейт гуманитарлық академиясы құрылды.

Діни радикалдану

Қазақстандағы діни ұйымдар, жалпы алғанда, тату өмір сүріп жатыр. Алайда, елден тыс жерлерде радикалданудың күшейгені байқалады.

2011 жылдың 13-қазанында қабылданған дін туралы заң елдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Үкіметтің қауіптенуі негізсіз емес. Бұл шаралардың іске асуына 2011 жылы орын алған терактілер себеп болды. Исламдық террористік ұйымдарға кірген Қазақстан азаматтары туралы хабарлар үсті-үстіне түсіп жатты. Мысалы, 2013 жылдың күзінде интернет желісінде Сириядағы жартылай қаруланған 150 адамның ішінен қазақстандық отбасы туралы хабар көрсетілді.⁶⁰

⁵⁷ URL: <https://zonakz.net/2007/05/14/ратбек-кажи-экс-верховный-муфтий-каза/> (қараған күні: 15.05.2019).

⁵⁸ Шлагер, Эдда. Қазақстанда исламның қайта өркендеуі, прагматикалық Ислам: Кантара (04.12.2008). URL: <https://de.qantara.de/inhalt/wiederaufleben-des-islam-in-kasachstan-ein-pragmatischer-islam> (қараған күні: 15.05.2019).

⁵⁹ Сонда.

⁶⁰ Рот, Клара. Орталық Азия содырларымен күрес себептері және әдістері жөніндегі пікірталас: Орталық Азияны зерттеу: Ислам мемлекетінің Орталық Азиядан шыққан содырлары. Тәжікстандағы парламенттік сайлау, № 87 (2015). Б. 3. URL: <http://www.laenderanalysen.de/zentralasien/archiv.php> (қараған күні: 11.06.2019).

Қазақстан үкіметі қауіпсіздікке байланысты мәселелерді бірінші кезекте репрессивтік заңнама арқылы шешуге тырысады. Алғашқы қадам ретінде экстремистік ұйымдарға тыйым салатын заң қабылданды. Құқық қорғаушы ұйымдар мұны сынға алып отыр, олардың пікірінше заң қарсы пікірдегі адамдарды қудалауды жеңілдетуі мүмкін немесе ондай адамдарды әлеуметтік желілерде іздестіруге көмектеседі.⁶¹ Радикалданудың басты себебі болып отырған елдегі кедейшілік, үгіт-насихатқа қатысты сауаттылығының кемшіндігі, әсіресе, ауылдық жерлерде білімнің төмендігі тиісті жолмен шешілмей отыр. Қазіргі таңда адамды түрлі ағымдар мен теріс ойлы топтарға тарту интернет арқылы жүзеге асатындықтан, бұл мәселе де үкімет енгізген шектеулерге ұшырауда.

Экстремистік көзқарастарға мемлекет қатаң шаралар қолданған сайын, қарсы жауаптар да күшейе түседі. Түрлі шектеулер мен санкцияларды лаңкестік ұйымдар өз қатарына жақтастарды тарту үшін тиімді пайдаланады, саясаттан хабары жоқ қарапайым халық өздерін репрессия құрбаны сезінеді.

Осылайша, мемлекет те, экстремистер де жағымсыз түрде көрінеді. Әрине, бұл қазақстандық үкіметтің мүддесіне қайшы, сол себепті қандай да бір теріс пиғылды топтарға қандай шара қолдануға болады деген сұрақ туады.

Тағы бір өзекті мәселе – адамдардың қоғамға қайта кіругі, мысал ретінде Сириядағы экстремистік ұйымдарға мүше болып кірген, біршама уақыт өткен соң Қазақстанға қайта оралғысы келген азаматтарды айтуға болады. Бұндай адамдарға қатысты белгілі бір үрей қалыптасқан. Мысалы, осыған байланысты Қазақстан үкіметі азаматтықтан айыру туралы мәселені бірнеше рет көтерді, бұл, әрине, қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттің мүддесіне сай келеді. Алайда, бұл жағдайда «азаматтығы жоқ тұлға» мәселесі басқа елдердің қарауында қалады. Осындай күрделі ахуалда өтетін пікірталас шиеленістің тоқтауына ықпал жасай алмайды.

Сондай-ақ радикалдық іс-әрекеті үшін адамның туыстары немесе достары жауапқа тартылған жағдайлар туралы хабарлар түсіп тұрады.

Дегенмен, Қазақстанның радикалдық жолға түскен өзінің азаматтарын ұрыс жүріп жатқан жерлерден елге қайтару мақсатындағы әрекеттерін

⁶¹ Сонда.

атап айтуымыз керек. Әсіресе, бұл әйелдер мен балаларға қатысты. Мысалы, 2019 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырысымен Сириядағы ұрыс алаңдарынан Қазақстан азаматтарын қайтару үшін төрт кезеңнен тұратын гуманитарлық «Жусан»⁶² операциясы жүргізілді. Бұл іске арнаулы құрылымдардың қызметкерлері, әскерилер, дипломаттар және басқа да осыған қатысты құрылымдардың адамдары жұмылдырылды. Гуманитарлық акция АҚШ-тың логистикалық және сириялық демократиялық күштердің қолдауымен жүзеге асты.⁶³ 2020 жылдың басында «Жусан» операциясының қорытындыларды бойынша Ұлттық Кауіпсіздік Комитеті (ҰҚК) Youtube парақшасында төмендегідей ақпарат берді: «2019 жылы ҰҚК-нің үйлестіруімен Сириядан 595 Қазақстан азаматы қайтарылды. Операцияның бірінші кезеңінде – 47 адам, онын алтауы еркек, 11 әйел, 30 бала. Екінші кезеңде 231 адам эвакуацияланды: 16 еркек, 59 әйел, 156 бала (18 жетім). Үшінші кезеңде Отанға 246 адам оралды. Оның сегізі еркек, 67 әйел және 171 бала (тоғыз жетім). Төртінші кезеңде елге 71 адам қайтарылды: үшеуі еркек, 19 әйел, 49 бала (бес жетім). Сонымен, Сириядан 595 адам қайтарылды: 33 еркек, 156 әйел, 406 бала (32 жетім)».

ҰҚК-нің хабарлауы бойынша, елге оралған барлық әйелдер мен балалар оңалту және бейімделу курстарынан өтті. Террористік ұйымдардың істеріне қатысқандары үшін 31 еркек пен 12 әйел сотталды, тағы да 14 адам жауапқа тартылу үстінде.⁶⁴

Қоғамдық діни нышандарды қабылдауы

Белсенді Айкерім Таханова өзінің 2019 жылдың 19 сәуірінде берген сұхбатында⁶⁵ қазақстандық қоғам күнделікті өмірінде діни нышандарға біртіндеп дағдылануда деген пікірін бөлісті. Қазіргі уақытта басында ормалы бар әйелдерге немесе сақалы ұзын еркектерге төзімділікпен қарау байқалады. Әйгілі мұсылман феминисі өзінің жеке тәжірибесінде үнемі бұлай бола бермейтініне қарамастан, қоғамның көзқарасынан оң үрдістер

⁶² Жусан – көпжылдық шөптесін өсімдік.

⁶³ URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/operaciya-zhusan-po-vozvrasheniyu-kazahstancsev-narodinu-poluchit-svoe-prodolzhenie> (қараған күні: 31.03.2020).

⁶⁴ URL: https://www.inform.kz/ru/operaciya-zhusan-595-kazahstancsev-vozvrascheniyu-narodinu-iz-sirii_a3611661 (қараған күні: 31.03.2020).

⁶⁵ Қосымшаны қараңыз.

көріп отыр. Оның айтуынша, күнделікті өмірде хиджаб кигендіктен, бір үкіметтік емес ұйыммен арасындағы әріптестікті тоқтатуға мәжбүр болған.

Диалог жүргізу үшін қажетті әлеует

Қазақстан көп жылдар бойы өзін әлемдік діндер арасында бейбітшілік диалогын табысты қорғап келе жатқан ел ретінде көрсетіп келеді. 2003 жылы президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен әлемдік діндердің бірінші Конференциясы өтті.

Мақсат – дін өкілдері арасында өтетін пікір алмасуға және дінге сенушілердің бейбіт қатар өмір сүруіне жәрдемдесу. 2003 жылдан бері Конгресс үш жылда бір рет өтеді. Осы оқиғаға қажетті символикалық күш беру үшін 2004–2006 жылдары биіктігі 62 метр болатын Бейбітшілік және келісім сарайы салынды. Бүкіләлемдік белгілі британдық архитектор сэр Норман Фостер тұрғызған бұл ғимарат әлемдік діндердің үйлесімді бейбіт қатар өмір сүруіне арналған, сонымен бірге Қазақстанда тұратын түрлі этникалық топтардың жанжалсыз өмір сүру керектігін паш етеді.

Конференцияның басты тақырыптары: «Дін көшбасшыларының төзімділік, өзара сыйластық және ынтымақтастыққа негізделген бейбітшілік орнатудағы рөлі» (2009), «Дін көшбасшылары мен саясаткерлердің бейбітшілік пен даму жолындағы диалогы» (2015), «Дін көшбасшылары қауіпсіз әлем үшін» (2018).

Конференция жұмысына исламның, христиандардың, иудаизмнің, буддизмнің, индуизмнің, даосизмнің, синтоизмнің, зороастризмнің жоғары лауазымды өкілдері қатысты.⁶⁶ Егер 2003 жылы 23 елден тек 17 делегация қатысса, 2018 жылы 46 елден 82 делегация келді.⁶⁷ Қол қойылған түпкілікті құжаттар дін қызметкерлерін қақтығыстарды азайтуға және қатар өмір сүруді реттеуге шақырды.

⁶⁶ Беллок Анна, Пулен Роксэн. Қазақстан өзін дінаралық диалогте көшбасшы ретінде көреді: Новостан.org (2008). URL: <https://www.novastan.org/de/kasachstan/kasachstan-sieht-sich-als-fuhrend-im-interreligiosen-dialog/>(қараған күні: 14.05.2019).

⁶⁷ Сатубалдина, Әсел. Астанада дін лидерлерінің съезі басталады, бейбітшілік орнатудағы діннің рөлі талқыланады: The Astana Times (11.10.2018). URL: <https://astanatimes.com/2018/10/congress-of-religious-leaders-kicks-off-astana-discusses-role-of-religion-in-building-peace/> (қараған күні: 14.05.2019).

Диалогтың мемлекеттік түрімен қатар, жекелеген діни қауымдастықтардың бастамасы ұсынылды. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ) елдегі мұсылмандардың атынан сөз ұстайды. Мұсылмандар өздерінің жариялы шараларын ұдайы негізде жүргізеді. Дінаралық семинарлар өзара түсінікті ұлғайтуға бағытталады.

«Мицва» еврей ұйымдары қауымдастығының президенті, Қазақстанның Халық ассамблеясы⁶⁸ кеңесінің мүшесі Александр Барон өзінің 2019 жылдың 28 сәуірінде Алматыда берген сұхбатында⁶⁹ раввиндер мен имамдардың 2000 жылы өткен бірінші кездесуінің өзінде-ақ бейбіт және үйлесімді қатар өмір сүрудің негізгі қаланғанын атап көрсетті.

Әртүрлі бастамалардың өкілдері экстремистік және исламның фундаменталистік ілімінен өздерін алыс ұстап, рухани идеологияға емес, әлеуметтік салада қатар өмір сүруге басты назар аударады.⁷⁰

Православ шіркеуі де дінаралық диалогтың бастамаларына өте белсенді түрде қатысады және өздерін әріптестіктің бейбіт жолын қолдаушы ретінде көрсетеді. Православ шіркеуі мемлекеттің сенімді әріптесі болды және бейбітшілік пен тұрақтылыққа шақырды. Мысалы, ол ұлттық Наурыз мерекесінің өтуін қолдайды.

Католик шіркеуі де, әрине, бұл диалогқа өз үлесін қосады. Католик дінінің өкілдері конференциялар мен дөңгелек үстелдердің аясында діндер арасында басқа конфессиялардың өкілдерімен кездесу және олардың діни сенімдеріне түсіністікпен қарауға тырысу арқылы бейбітшілік пен келісімді орнатуға шақырады. Елемеушілік пен эгоцентризм төзбеушілікке әкеледі. Қазақстанның католик шіркеуінің есімін көрсеткісі келмеген бір үлкен өкілінің айтуынша, католик шіркеуі де Заңнамаға өзгеріс енгізуге шақырды. Мысалы, 16 жасқа дейінгі жеткіншіктер діни салтанат пен құдайға сиыну рәсімдеріне әке-шешесінің бірдей келісімінсіз қатыса алмайтын болды. Бірақ та жалғызбасты әйел немесе әке болған жағдайда бұл мәселені қалай шешу керектігі нақты анықталмаған. Көптеген талқылаудан кейін

⁶⁸ Қазақстан Халқының Ассамблеясы (ҚХА) 1995 жылы тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен құрылды. Оның мақсаты – этникалық және діни жанжалдар мен қайшылықтарды бәсеңдету және келіссөздер арқылы шешім табу. 2007 жылы ҚХА конституциялық статус алды. Бұл оның қоғамдық-саяси ролін айтарлықтай көтерді.

⁶⁹ Қосымшаны қара.

⁷⁰ Балпанов, 24-бет (20-сілтеме).

әке-шешесінің біреуінен, туысынан немесе қамқоршысынан анықтама берілсе, жеткілікті болады деген ымыраға келді.

Әдеттегідей, басты діни қоғамдардың өкілдері бір-бірін Жаңа жыл, Рождество, Құрбан айт мерекелерімен құттықтап, бақыт тілейді.

Қорыта айтқанда, барлық ірі діни қоғамдар бейбіт диалогқа шақырады. Олар Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған Әлемдік діндер конференциясының ажырамас бөлігі болып саналады. Бірақ, солай бола тұрса да, олар кездесулер ұйымдастыру үшін өздерінің шараларын өткізеді.

Фридом Хаус немесе Ослодағы Бостандық Форумы сияқты халықаралық деңгейде танымал ұйымдар даму барысының оң тұстары мен келеңсіз жақтарын ғылыми стандарттарға сәйкестендіріп анықтайды. Қазақстанда басқа да мемлекеттік емес субъектілер қызмет атқарады және олар өздерінің жеке бастамаларымен диалогқа ықпал жасайды. Мысалы, Қазақстандағы ОБСЕ-нің зерттеу орталығы, сондай-ақ Қырғызстан мен Тәжікстанда мемлекеттік ұйымдардың өкілдері мен қызығушылық танытқан жұртшылық үшін бір-біріне деген сенімді нығайтуға арналған шаралар ұйымдастырды.

Конрад Аденауэр атындағы қор да бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайту ісіне белсенді қатысады. Германияның саяси Қоры 2017 жылдың қазан айында Қазақстанның халық Ассамблеясымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Ол Қазақстандағы этникалық топтардың жанжалсыз қатар өмір сүруді қамтамасыз ету мақсатындағы ынтымақтастықты білдіреді. Бұл ынтымақтастықта діни мәселелер де белгілі рөл атқарады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы діни сенім бостандығының басты мәселесін Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың айтқандарынан дәйек сөздер келтіріп, жақсы сипаттауға болады. 2011 жылдың 1 қыркүйегінде ол былай деді: «Бұл жерде біз діни сенім бостандығын шектеу туралы айтып тұрғанымыз жоқ. Біздің мақсатымыз және басқа да барлық мемлекеттердің, әсіресе исламды өздерінің мемлекеттік діни ретінде қабылдағандардың да мақсаты – халқымызды экстремизмнен қорғау болып табылады».⁷¹ Елді тұрақсыздандыруға әкелуі мүмкін экстремистік және исламдық қозғалыстар қауіпін байланысты үкімет үлкен алаңдаушылығын танытып отыр. Елдің тыныштығын сақтау ниеті түсінікті және қауіптену негізсіз емес, бірақ кейде бұл қауіппен күресу кезінде қолданылатын шаралар төніп тұрған қатерге сәйкес келмей жатады.

Заңнамалар қабылдау арқылы қоғамды терактілерден қорғау үшін үкіметтің мақсатын орындауға арналған шаралардың аясы тым тар, оның үстіне діни сенім бостандығын шектейді. Ең алдымен шағын діни қауымдар заңды талаптарды орындауда үлкен қиындықтарға тап болуда, сонымен бірге қатаң ережелерді сақтау қажет. Мұны орындамаған жағдайда олар қайта тіркеуден өте алмауы мүмкін. Сонымен бірге негізгі үш діннің – исламның, провадистианың және католицизмнің жолын қушылар да өз діндерін еркін уағыздай алмауы мүмкін. Заңды іске асыру мен оның әрекет ету ауқымын кеңейту дінге сенушілерді маңызды ымыраға келуге мәжбүрледі және өздерінің діни өмірінің бір бөлігі болып саналатын бірқатар нәрселерден бас тартуға әкелді.

Бұл ретте ислам әрдайым баста назарда ұсталады. Өзін мұсылманмын деушілер белгілі бір ережелерді сақтауы керек, оны бұзған жағдайда ірі айыппұлдар салынады. Көптеген мұсылман ұйымдары «жалпы күдікке» ілігеді, олар экстремизмді қабылдауға дайын тұрады-мыс. Қазақстандағы христиан ұйымдары мұндай жағдаймен аз ұшырасса да, тәжірибе көрсеткендей, шектеулер оларға да тиеді.

Сонымен, таяу жылдары қайшылықтың екі жолы іске асуы ықтимал, олар еліміздің діни бостандығына тікелей әсер етуі мүмкін. Оның бірі исламдық

⁷¹ Волошин (40-сілтеме).

терроризм алдындағы үреймен байланысты. Осыған орай, мемлекет келешекте өз назарын экстремистік құрылымдарға қарсы мақсатты түрде күрес жүргізуге аудара ма немесе Заңнама қабылдау арқылы жалпы күдікті құпия анықтаумен шұғылдана ма деген сұрақ туады. Егер үкімет одан әрі шектеулер мен бақылаудың пайдасына шешім қабылдайтын болса және диалог орнатуға тырыспаса, онда бұл жағдай наразылық тудыруы мүмкін және ол тек мұсылмандардан басқа дін өкілдерін де қамтуы мүмкін. Қайшылықтар оқиғалардың қарама-қарсы дамуының нәтижесінен де туындайды; жас ұрпақ исламға жиі-жиі бет бұра бастағанда зайырлы үкімет өз кезегінде олардың ұмтылысына кедергі келтіретін вакуум жасайды, яғни диалог жасауды ескермей, елеусіз қалдырады.

Діни ұйымдарға қатысты шешімдер елдің келешегі үшін үлкен маңызға ие болады, сондықтан мемлекеттік құрылымдар диалогқа баруға көбірек ұмтылғаны жөн.

ҚОСЫМША

«Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығы» тақырыбында заң ғылымдарының докторы, Каспий қоғамдық университетінің профессоры Роман Подопригорамен жүргізілген сұхбаттың транскрипті

Томас Хельм: Әңгімемізге арқау болатын 3 негізгі тақырып бар. Біріншісі, Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығының жалпы мәртебесіне немесе жағдайына көзқарасыңыз жөнінде сұрағым келіп отыр және мен Сізден бұл туралы пікіріңізді жеткілікті түрде ашық білдіруіңізді сұраймын.

Роман Подопригора: Мен мұндай жағдайларда «немен салыстыруға байланысты» дегенді жиі айтамын. Егер біз кейбір батыс стандарттарымен салыстыратын болсақ, бес балдық шкаламен бағалағанда, әрине, бізде екіден үшке дейінгі шамада болады. Егер біз бұрынғы посткеңестік кеңестіктегі елдер туралы айтатын болсақ, онда біз үштік пен төрттік шама-сында боламыз. Егер біз Орталық Азия елдерімен салыстыру туралы айтатын болсақ, онда бізде шамамен төрт болады, сондықтан да бұл мәселеде пікір қалыптастыру нені немен салыстыруға байланысты болады.

Томас Хельм: Менің көкейімде тұрған үш негізгі аспект бар, біріншісінен бастайын. Жалпы, қандай да бір діни ұйымды ресми түрде қабылдау үшін, діни бірлестік ретінде тану үшін қалай әрекет ету керек? Белгілі бір тіркелу рәсімінен өту керек екенін білемін. Жалпы, ресми діни бірлестік ретінде тіркелуге байланысты барлық мәселелерге тоқталсаңыз.

Роман Подопригора: Бұл өте күрделі рәсім. Басқа заңды тұлғалармен салыстырғанда, сан жағынан да, сапа жағынан да белгілі бір талаптар бар. Егер жергілікті діни бірлестік туралы айтатын болсақ, кем дегенде 50 адам болуы керек, олар Қазақстан азаматтары, ересектер болуы тиіс және бірлестік құрған ауданда тұрғылықты жері бойынша тіркелуі қажет. Яғни, бұл Қазақстан үшін өте жоғары цифрлар, өйткені, өзіңіз білетіндей, біздің ел тығыз қоныстанбаған, демек ауылда 50 адамды табу өте қиын. Сондықтан кейде діни бірлестіктер көршілерден, достардан, достардың достарынан және т. б. өтіну сияқты әдістерді қолданады. Белгілі бір сапа

өлшемшарттары да бар. Кейбір жалпы заң ережелерінен басқа, тарихты, заңнамаға, отбасына, денсаулығына көзқарасты көрсету қажет. Тіркеу үшін мемлекеттік органға кез келген жүгіну үшін сараптама жүргізіледі. Осы кезеңде сіз барлық өлшемшарттарға сәйкес болсаңыз да, проблемалар туындауы мүмкін. Мәселен, діни сараптама сіздің діни ұйым емес екендігіңізді айтады. Мысалы, Саентология шіркеуіне қатысты осындай жәйт орын алды, сараптама бірлестік діни емес және Саентологтар әлі тіркелмеген деп мәлімдеді. Қысқасы, ұзақ күрделі рәсім, және бұл кей жағдайда заңға да байланысты емес.

Томас Хельм: Қазір бір мезет осыған тоқталсақ, мен де осы туралы сұрағым келіп отыр еді. Германияда Саентологияға қатысты мәселе әлі де ашық. Мен мұны жіті тексеруім керек, өйткені мен діни бірлестіктер туралы көп білетіндігіме сенімді емеспін, яғни саентологтар Германияда тіркелген бе, жоқ па, өзім де білмеймін. Әрине, бізде діни сенім бостандығы бар, мен олардың Германияда үлкен шіркеуі бар екенін, оның қай жерде орналасқанын да білемін, бірақ ол мемлекеттің қатаң бақылауында, яғни, жалпы алғанда, оларды толықтай заңды ұйым емес, тіпті қылмыстық ұйым ретінде де қарастырады. Тіркеуге қатысты бізде ондай шектеулер жоқ, бірақ тіркелу мәселесі бақылауда деп айта аламын, өйткені олар мемлекет тарапынан белгілі бір алаңдаушылықтар тудырады.

Роман Подопригора: Менің білуімше, Германияда олар кейбір жерлерде тіркелген, ал кейбір аймақтарда тіркелмеген. Германияда мемлекеттік заңды тұлғаларға қатысты Қазақстаннан өзгеше, қызықты жағдай бар. Кейде бізге шетелдік мысалдар келтірілгенде, «қараңыздар, Саентология шіркеуі Германияда тіркелмеген» дейді, ал іс жүзінде бұлай болмауы мүмкін. Германияда және Еуропаның басқа да елдерінде екі деңгейлі тіркеу жүйесі бар. Заңды тұлға ретінде тіркелу қиын емес, бірақ егер сіз денсаулық сақтау жүйесіне, білім беруге және жалпы қоғамдық ортаға қолжетімділікті білдіретін жария заңды тұлға мәртебесін алуға жүгінсеңіз, билік сізге айтарлықтай талап қояды. Сондықтан, мен Саентологтардың жария заңды тұлға ретінде танылуында проблемалар бар екенін мойындаймын. Дегенмен, мен Германиядағы жағдай туралы мықты сарапшы емеспін.

Томас Хельм: Менің көзқарасым бойынша, барлық қойған ұпайларыңызға қарап, мен Қазақстан бәрібір де либералды ел деп санаймын. Кеше біз «Қазақстан экономикасының трансформациясы» кітабының

тұсаукесерін өткізгенде, іс-шараға «Бахаи» қауымының 3 өкілі қатысты. Мүмкіндікті пайдаланып олармен сөйлескенімде, олар: «Жоқ, тіркелуде еш қиындықтар болған жоқ. Тіркелгіміз келді, бардық, тіркелдік», – деді. Іс жүзінде олар адам саны өте аз бірлестік. Мен біраз зерттеулер жүргіздім, яғни Google-ге кіріп қарағанымда, дүниежүзінде «Бахаилардың» 8 миллион ізбасарлары бар екен, ал Қазақстанда қанша адам бар екенін мен білмеймін, бірақ, екінші жағынан, мен басқа діни ұйымдар мен бірлестіктер туралы басқа оқиғалар мен әңгімелерді естідім.

Роман Подопригора: Бахаилардың күрделі проблемасы бар. Мен қысқаша түсіндіруге тырысайын. Құрылған кез келген діни бірлестік басқару құрылымына қатысты белгілі бір талаптарға бағынуы қажет. Олардың Жалпы жиналысы (General meeting), Атқарушы органы (Executive body), Бақылау органы (Control body) болуы керек. «Бахаи» ұйымы немесе басқасолуы ба, маңызды емес. Олардың құрамында 3 басқару органы болуы керек. Бірақ «Бахаи»: «бізде атқарушы орган жоқ, бізде тек Жалпы жиналыс бар, бұл – біздің дініміздің ерекшелігі. Бізде демократия, сондықтан да бізге президент немесе атқарушы кеңес қажет емес», – дейді. Кейде ұйымға мүшелерінің біреуі жауапты болады, бірақ тұрақты негізде арнайы атқарушы орган құрылмайды. Қорытындылай келгенде, олар ымыраға келудің басқа да нұсқаларын іздеуге мәжбүр болды. Римдік католик шіркеуінде де осындай проблема болды, өйткені католик шіркеуінде олардың басқару жүйесінің қандай құрылымы бар екені айтылатын канондық кодекс бар. Оларға: «Сіз Қазақстанға келдіңіз және сіз Қазақстан заңнамасының талаптарын орындауыңыз керек», – деп жауап берді. Олар өз кезегінде: «Кешіріңіз, біз Қазақстан пайда болғанға дейін бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрдік. Бізде мұндай құрылым барлық жерде: Аргентинада, Венесуэлада, Жапонияда бар». Әділет департаменті «Жоқ, тіркеуден өткізбейміз», – деді. Бірақ, ақырында, католиктер бұл мәселені шешті, өйткені олардың Қазақстан Республикасымен келісімі бар (Конкордат). Осы Конкордатқа сәйкес, Қазақстан Республикасы канондық құқыққа сәйкес құрылған заңды тұлғаларды тануға міндетті. Бірақ мұндай ерекшелік тек католиктер үшін ғана, барлық басқа діни ұйымдар мемлекет құрған басқару жүйесін сақтауға міндетті. Бізде заңды тұлғаның мәселелерін қарастыратын кодекс – Азаматтық кодекс бар. Ол Нидерланды Азаматтық кодексінен көптеген мысалдар алды. Нидерланды Азаматтық кодексіндегі көзделген діни бірлестіктер туралы айтсақ, мемлекет

оның басқару құрылымының қандай екендігіне мүдделі болмауы керек дейді. Бұл «Church Autonomy» деп аталатын мәселе. Тек бізге құжаттарды беріңіз және осымен болды делінсе, бізде барлығының бірдей типтегі құрылымы болуы керек деген басқа жолмен жүрдік. Сондықтан, Бахаидың да проблемалары бар.

Томас Хельм: Бұл сұхбат өте қызықты болды. Әрине, біз олармен өте қысқа сөйлестік, өйткені менің әрі қарай егжей-тегжейлі мәлімет алуға мүмкіндігім болмады. Сізбен осы тақырыпта сөйлесіп отырғанымызды ескере отырып, мен бұл әңгімені басқа да сұхбат берушілерден сұрауға тырысып көремін. Өткен жылы бізде Харе Кришнаның шәкірті тағылымдамадан өтті және ол Астанада ғибадатханаға баратынын айтты. Демек, ол жерде ғибадатхана бар. Бұның бәрі біз үшін біршама таңғаларлық жайт болды. Олардың құлшылық жасауына мүмкіндік беріледі, бірақ ол құпия немесе ашық па – мен үшін беймәлім. Ол Ақтөбеден және, айтуынша, олардың Ақтөбеде ғибадатханалары бар және Астанада да бір жерде ғибадатхана бар.

Роман Подопрігора: Білесіз бе, ол сөйлескен уақытыңызға, жеріңізге байланысты. Кеше Атыраудан маған кришнаиттер қоңырау шалды. Олардың айтуынша, оларға қарсы арнайы қызметтер операция жүргізген. Қазір оларға пәтерде заңсыз ғибадат жасады деп айып тағылып отыр және бұған олар қатты алаңдаулы. Шамамен 10 жыл бұрын, сіз бұл жағдайды білетін де шығарсыз, Алматы қаласының маңында посткеңестік кеңістіктегі ең үлкен кришнаиттер коммуналарының бірі құрылдыарға пәтерде заңсыз ғибадат жасады деп айып тағылып отыр және бұған олар қатты алаңдаулы. Шамамен 10 жыл бұрын, сіз бұл жағдайды білеті, бүкіл коммунаны сүріп тастады. Кейінірек Тони Блэр Қазақстан Президентінен кришнаиттерді жайына қалдыруды сұрауға мәжбүр болды. Барлығы әрқилы, барлығы де әртүрлі.

Томас Хельм: Өте қызықты, иә, өте қызықты, өйткені мен ірі әлемдік діндер негізінен мұндай күрделі жайттарға кезікпейтінін білемін. Яғни, сіз католик шіркеуін атап өттіңіз, менің ойымша, православие шіркеуі де бірдей дәрежеде.

Мені қызықтыратын екінші мәселе, бұл дін практикасы және оларға байланысты шектеулерге тікелей қатысты. Яғни, біз бұл мәселені барынша ашық түрде талқылап жатырмыз. Германияда, әсіресе, Ислам дініне

қатысты сұрақтар туындайды, өйткені бізде ислам мешіттері бар. Олардың құқық қорғау органдарының бақылауында екендігін жасырмаймыз. Яғни, бізде барлық елдердегідей Ішкі істер министрлігі және оның белгілі бір міндеттері бар, мысалға адамдар осы мешіттерді дінаралық жеккөрушілікке, антисемитизмге, төзбеушілікке және т.б. шақырады деп айыптай бастады делік. Осыған байланысты мынадай сұрақ туындайды – белгілі бір діни жораларды, практикаларды және басқаларды ұстанатын адамдар үшін, соның ішінде православие мен басқа христиандық ағымдарға, мұсылмандарға да қатысты қандай шектеулер бар?

Роман Подопригора: Реттеу туралы айтқанда, діни бірлестіктерді екі үлкен топқа бөлер едім. Біріншісі – ислам, екіншісі – қалғандары. Мен кейде мұсылмандардың белсенділігін реттеу туралы жекелеген заңдар қабылдау керек деп те айтамын, өйткені шынымен де біздің мемлекетіміз исламға және әсіресе радикалды исламға қатысты қатты алаңдаушылық білдіреді. Қазақстандағы діни бостандыққа қойылған кейбір шектеулердің түп негізі, бастапқыда олардың рұқсат етілмеген ислам белсенділігін басқаруға тырысуында жатыр. Алайда, кейіннен осы шектеулер басқа ұйымдарға да қатысты қолданыла бастады. Сондықтан, іс-тәжірибе жөніне келсек, ислам туралы айтқанда, мұсылмандардың жалғыз діни орталығы – Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының құрамындағы мекемелерден тыс жерлерде діни қызметті жүргізу мүмкін емес. Қазақстандағы әрбір мешіт осы орталықтың қол астында болуы керек. Егер сіз мешіт салсаңыз, Діни басқарманы құрметтеймін деп айта аласыз, алайда өзіңіз дербес болғыңыз келеді, осы Діни басқарудың ықпалында болғыңыз келмейді делік. Бірақ бұл жағдайда сіздің тіркеуден өту мүмкіндігіңіз жоқ, өйткені мемлекеттік орган сіздің Діни басқарманың құрылымында болуыңыз керек екенін түсіндіреді. Қазақстанда Солтүстік Қазақстандағы Татар-башқұрт мешітімен байланысты өте қызықты мысал бар. Мешіт – көптен бері жұмыс істеп тұрған қарапайым, тыныш ислам ұйымы. 2011 жылы қолданыстағы заң қабылданғаннан кейін олар қайта тіркелуге барды. Оларға: «Сіздер дербес бола алмайсыз» деген. Ал олар: «Бірақ біз ешқандай жаман нәрсе істеп жатқан жоқпыз. Біздің мешіт ондаған жылдар бойы Қазақстанда жұмыс істеп келеді» деп жауап берген. Өз кезегінде мемлекеттік орган: «Жоқ, Діни басқарманың мүшесі болыңыз», дейді. Түптеп келгенде, оларды тіркемеді, ал олар ғимараттан, жерінен айырылды, бәрін де жоғалтты.

Томас Хельм: Бұл қашан болып еді?

Роман Подопригора: Олар 2012–2013 жылдары қайта тіркеуден өтті.

Томас Хельм: Ә, демек, одан бері көп уақыт өтпепті ғой.

Роман Подопригора: Осыдан кейін олар жаңа тіркеуден өтуге тырысты, бірақ қолынан келмеді.

Томас Хельм: Иә, бұл анық мысал екен.

Роман Подопригора: Бұл ешқандай қауіп төндірмейтін ұйымның мемлекеттік тіркеуден өте алмағанына мысал болатын жалғыз жағдай емес. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы іс жүзінде мемлекеттік аппараттың бір бөлігі сияқты. Заң аясында, ол, әрине, мемлекеттен бөлек тәуелсіз ұйым, бірақ іс жүзінде мемлекеттік басқарудың құрамына кіреді. Осы ұйымның жетекшілерінің бірі Діни басқармаға қызметке тағайындалғанға дейін оны Президент Әкімшілігіне шақырғанын және бұл әкімшілік оның тағайындалуына келісім бергенін жасырмады. Содан кейін ол қызметінен кетуге дайындалып жатқанда қайтадан Президент Әкімшілігіне шақырылып, тағы да жоғары лауазымды тұлғалар онымен лауазымынан кету себептері туралы сөйлесіпті. Бұл туралы жергілікті БАҚ-тарда да жазылған еді. Исламға қатысты көп нәрсе араласып кеткен: діни, діни емес мәселелер. Білесіз бе, былтыр және оның алдыңғы жылы қызық оқиғалар болған, яғни діндар адам мешітке келіп құдайға құлшылық ету аяқталған кезде дауыстап «Әумин» деген. Полиция шақырылып, діни іс-шараларды өткізу ережелерін бұзғаны үшін оған хаттама толтырады. Неге? Өйткені, біздің ресми түрде мойындалған ислам діни ағымында қатты дауыстап «Әумин» деп айтуға болмайды. Егер сіз оны қатты айтсаңыз, онда сіз басқа ағымға жатасыз.

Томас Хельм: Рас па? Бірақ, бұл жай ғана «Солай болсын» деген тұжырымды білдіреді ғой.

Роман Подопригора: Иә, бірақ мұнда символизм өте көп. Тіпті, құлшылық ету барысында тұрысыңыз немесе қимыл-әрекетіңіз сіздің исламның ресми бағытына жатпайтыныңызды көрсетуі мүмкін. Бұл мысалды келтірудің себебі мынада: мұндай жағдайлардан кейін Қазақстан Мұсылмандарының діни басқармасы мемлекеттен діни бірлестіктерде міндетті жүріс-тұрыс, тәртіп ережелерін енгізуге көмек сұрады. Егер бұл ережелер бұзылса, адамдар жауапқа тартылуы мүмкін.

Томас Хельм: Ислам дінінің тәжірибесіне келетін болсақ, алдында айтқанымыздай, Германияда бәрі өте либералды, бірақ кейбір «гәптер» бар. «Иманның өзі қай жақтан келуі тиіс немесе ол қай жақтан келуі мүмкін?» деген сұрақ жиі туындайды. Сондықтан мешітте жаңа имам пайда болған кезде, мысалы, Пәкістаннан, Сауд Арабиясынан келген имам болса, бұл қандай адам, біз оның қандай екендігін қайдан білеміз деп бірден дүрбелең басталады. Әрине, арнайы қызметтер бұл мәселенің егжей-тегжейіне жетуге дереу кіріседі. Олар көбінесе мұны жаңадан келген бейтаныс адам қандай да бір нәсіл аралық насихатты уағыздауы мүмкін деп түсінеді. Сіздегі жалпы жағдай қандай, Мұсылман қоғамдастығына жаңадан келген имамдар немесе бұл жердің тумасы емес имамдар бар ма?

Роман Подопривога: Негізі, мұнда да айырмашылықтарды көру керек. Кейбір заңнамалық талаптар бар, сонымен қатар ішкі корпоративтік талаптар да бар. Заң тұрғысынан ешқандай шектеу жоқ. Тәжірибе тұрғысынан, әрине, тексерілген діни мекемелерде білім алған имамдарды тағайындауға тырысады. Қазақстанда ешқашан арнайы мамандандырылған оқу орындары болған емес, сондықтан ел тәуелсіз алған кезде көптеген уағызшылар Мысырдан, Сауд Арабиясынан, Пәкістаннан келді. Олардың кейбіреуі Германиядағы сияқты радикалды көзқарастағылар, ұстанымдағылар және т.б. болуы да ықтимал. Қазақстанның түрлі бағыттар бойынша проблемаларға тап болуы – осы миссионерлер қызметтерінің салдары. Қазір мемлекет бұған қатты алаңдаулы және діни қызметшілерді оқытудың өзіндік жүйесін құруға тырысуда. Қазақстанда білім алған адамдар немесе мысалы, ынтымақтастық орнатылған білім беретін оқу орындарында білім алған адамдар ғана мешіттерде қызметші бола алады деген болжам бар. Бірақ та, қазірдің өзінде бұрыннан танылмаған оқу орындарында білім алған адамдар да уағыз айтатын мешіттер де бар. Қазақстанда ресми ислам бар, бірақ исламның басқа бағыттары жоқ деп айту дұрыс болмас. Олар да бар. Бұған қоса олар мемлекеттік құрылымдар тарапынан қолдауға ие және мешіттерді бақылауға мүмкіндік беретін өз ресурстары да бар. Күнделікті діни практикаға қатысты белгілі бір шектер бар. Діни бірлестіктерге жататын діни ғимараттар мен үй-жайларда, сондай-ақ басқа да жерлерде: зираттарда, крематорийлерде, тұрғын үйлерде (кришнаиттерді осы үшін кінәлайды) құдайға құлшылық жасауды еш қиындықсыз жүзеге асыра аласыз. Басқа көптеген жағдайларда діни практика мемлекеттік органдармен келісілуі керек. Егер сіз мысалы ғибадат ету үшін

ғимарат немесе бизнес кеңсені жалға алсаңыз, онда жергілікті биліктен рұқсат алуыңыз керек. Білім беру ұйымдарында діни бірлестіктердің пайда болуына мүлдем тыйым салынады. Көптеген басқа жағдайларда бұл сұрақ заңгерлерге арналады – бола ма әлде жоқ па?

Томас Хельм: Шекті жағдайға келетін болсақ, исламға қатысты екі мәселе бар. Біріншісі, мұсылмандар және еврейлердің қарым-қатынасы, өйткені Астанада үлкен синагога бар, білесіз бе, еврей шіркеуінің басшысы Тұңғыш Президент қорында өткізілген шараға қатысқан еді. Ол Қазақстанда еврейлердің жақсы өмір сүріп жатқанын айтты. Бірақ, әрине, мұсылмандар және еврейлер мен еврей діни арасындағы қарым-қатынас әрқашан айқындаушы фактор болып қала береді. Сіз бұл туралы не ойлайсыз?

Роман Подопривога: Мен, жалпы, Қазақстанда мұндай проблема бар немесе оған назар аудару керек деп айтпас едім. Біріншіден, менің ойымша, Қазақстанда соншама үлкен иудейлер қауымы жоқ, бүкіл ел бойынша бірнеше ғана синагога бар. Тағы бір нәрсе, бұл жерде жалпы бизнесте, басқа салаларда қаншама еврейлер бар. Бірақ олар діни қызметпен онша айналыспайды, сондықтан олар өздігінен дербес өмір сүреді. Сондықтан бұл мәселеде мен проблема көріп тұрған жоқпын.

Томас Хельм: Мен Астана қаласындағы Highwill тұрғын кешенінде тұрамын, өзімнің тереземнен ең үлкен мешітті, Сауд Арабиясының қаржысына салынған мешітті көремін. Олар мешіттің қасында Құранды оқып-үйрену үшін мектеп салып жатыр, оны да Сауд Арабиясы қаржыландырады, мүмкін Сауд Арабиясы ваххабизм дәстүріне сәйкес белгілі бір ықпалға ие болғысы келетін шығар. Сіздің ойыңызша, олар қаншалықты ықпалға ие болғысы келеді, әлде ие болғысы келе ме немесе ие бола ала ма?

Роман Подопривога: Сіз келтірген фактілер олардың Қазақстанда қандай да бір мүдделері бар екенін көрсетеді деп ойлаймын. Біз ақшаны жақсы көреміз. Олардың қайдан келетінін нақты түсінгіміз келмейді. Осыдан проблема туындайды. Біз алдымен біреулерге қақпамызды ашып береміз, содан кейін ғана олардың бізге басқа идеология алып келетінін түсінеміз. Сауд Арабиясы ғана емес, мысалы Катар да көп ақша береді. Исламды жандандыру үшін қомақты ақша ағындары 90-жылдары Қазақстанға құйылды. Мүмкін салынған мешіттерді одан да үлкен етіп салуға болар ма еді, бірақ діни бірлестіктер ірі корпорацияларға

айналған кезде басқа корпорациялар сияқты проблемаларды бастан кешіруі мүмкін, олар: бәсекелестік, сыбайлас жемқорлық және тағы басқалар. Басқа ислам мемлекеттерінің Қазақстанда өздерінің мүдделерін алға жылжытуға қызығушылықтары да бар болуы ықтимал. Бірақ та, кейінгі кездері біздің мемлекеттік органдар, арнайы қызметтер осы жағдайды бақылауға тырысуда, оны мойындап, лайықты бағасын беруіміз керек.

Томас Хельм: Дәстүрлі ислам құндылықтарында 2 мәселе бар екенін айта кетуіміз қажет. Таяуда мен ықтимал шәкіртақы алушылармен сұхбаттасқан едім. Сұхбат барысында менің алдымда екі жас қыз көз жастарын көл етіп, шағымдарын айтты. Біреуі – этникалық күрд өкілі, ол оқығысы келетінін айтады, ал әкесі оны күйеуге беріп, қалыңмал алмақшы; ал екінші қыз Батыс Қазақстаннан келген, оны бір жігіт алып қашып кетпекші болған екен. Сосын ол үйленуге мәжбүрлегендіктен, үйінен қашып кеткендігін айтты. Ол осыған қарсы ештеңе істей алмайтынын, құқық қорғау органдарына жүгінудің де еш пайдасы жоқ екенін, оны бәрібір алып қашып кететінін айтты, сол кезде менің көкейімде: «бұл ұлттық дәстүр ме әлде діни дәстүр ме» деген сұрақ туындады?

Роман Подопригора: Меніңше, мұнда бәрі араласып кеткен. Әсіресе, Қазақстандағы ислам дінінің ерекшеліктері туралы айтатын болсақ. Ол өзіндік ерекшелікке толы. Мысалы, кейбір ғалымдар «далалық ислам» деген терминді қолданады. Қазақтар көшпелі ел болғандықтан, басқа аймақтардағы сияқты, мәселен, қалалардағыдай ислам инфрақұрылымын жасай алмады. Бұл жерде тек қазақ қана емес, діни және этностық араласулар да бар, өйткені мұнда өздерінің дәстүрлері бар басқа мұсылман ұлттарының өкілдері – күрдтер, шешендер, ингуштер, әзербайжандар көп. Сондықтан, сіз айтқан мысалдарда ислам аз, ұлттық немесе басқа дәстүрлер көп. Сондай-ақ, мен сізге бір мақаланы оқуға кеңес беремін, ол «Silk Road Paper 2018 – Religion and the Secular state in Kazakhstan» деп аталады және ашық түрде қолжетімді, мақала сіз үшін өте пайдалы болады, өйткені онда дін және мемлекет туралы ақпарат бар. Бұл – америкалық және скандинавиялық авторлардың бірлесіп жазған мақаласы. Мақалада олар өз тұжырымдарын жасайды, ұсынымдарын береді, заңнаманы бағалайды. Мен мақалада жазылған мәселелердің кейбірімен келіспеймін, бірақ қосымша ақпарат көзі ретінде бұл сізге пайдалы болады.

Томас Хельм: Соңғы, мүмкін менің тарапымнан қорытынды сұрақ. Бізге 2 жыл бұрын Германиядан бір парламент мүшесі келді, ол дін және діни сенім мәселелеріне тікелей жауап береді екен және ол өзі уағызшы, протестант, біз онымен бірге барлық жерлерде, яғни православие шіркеуінде де болдық, имаммен де кездестік. Барған жерлердің бәрінде дін туралы мәселелер сөз болды. Ол әрдайым ең бірінші сұрақты өзі қойды, ол үшін бұл барлық мәселені алдын ала анықтайтын сұрақ болды, қорытындылай келгенде, мен де сізге осы сұрақты қояйын. Сұрақ мынадай – адам дінін өзгерте ала ма? Дінді қалайша өзгертуге болады? Яғни, діни сенім бостандығы, дін бостандығы тұрғысынан ол үшін әрдайым ең маңызды әрі айқындаушы мәселе осы болды.

Роман Подопригора: Бұл жерде де заңды және заңды емес аспектілер бар. Заңды тұрғыдан алғанда, сіз өз дініңізді еш қиындықсыз өзгерте аласыз. Тәжірибе тұрғысынан, мен діни бірлестіктермен жұмыс істегенде, христиандық ұйымын тіркеуге көмектесуге тырысып жатқанда, мен оларға қазақ, өзбек, қырғыз фамилиялары бар адамдарды көп қоспауға кеңес беремін (заң бойынша ешқандай шектеулер жоқ болса да), өйткені мұндай жағдайлардың кез келген түрі мемлекеттік органдардың жағымсыз реакциясын тудыруы мүмкін. Яғни, заң тұрғысынан проблемалар жоқ, бірақ іс жүзінде олар бар.

Томас Хельм: Бірақ аралас некелер көп қой, мысалы, орыс әйел қазақ еркекке тұрмысқа шығады. Мүмкін, ол православие дінінде шығар, ал күйеуі мұсылман болар. Сонда іс жүзінде бәрібір дінді ауыстыруға болады ғой?

Роман Подопригора: Сіз тағы бір қызықты ойды қозғадыңыз. Шынында да мұндай аралас некелер көп, бірақ Қазақстанда дінге немқұрайлы қарау немесе атеистік қоғамға тән ұстанымдар әлі де күшті, сондықтан да көп жағдайда «күйеуі – қазақ, ал әйелі – орыс» болса да, дін мәселесі туындамайды.

Томас Хельм: Яғни, іс жүзінде бұл проблемалар заңнан туындамайды. Мұндай проблемалар жиі кездесетін немесе оларға қандай да бір дәрежеде әсер ететін діни бірлестіктер бар ма?

Роман Подопригора: Нақты қандай проблема?

Аудармашы: Басқалардың діни ұстанымдарын мойындамауға байланысты проблемалар, яғни заңмен емес, қоғамдағы қалыптасқан жағдаймен байланысты.

Роман Подопригора: Қырғызстанда осындай өте күрделі проблемалар бар. Мысалы, этникалық қырғыз христиан дінін қабылдаған адам болса, ол қайтыс болғанда өзі тұратын аймақтағы мұсылмандар зиратына жерленбеуі мүмкін. Бұл – Қырғызстан үшін өте күрделі мәселе. Бізде ондай проблемалар жоқ.

Томас Хельм: Иә, бұл өте қызықты мәлімет екен, айырмашылықты түсіндім.

Роман Подопригора: Бізде қазір 95–97%-ы қазақтардан құралған бірнеше шіркеу бар. Онда христиандық құлшылықтар қазақ тілінде жүргізіледі. Мен ол шіркеулерде дәріс оқыдым, сонда мені орыс тілінен қазақшаға аударды. Бірақ олар заңды түрде қызметін атқарып жатыр. Әрине, егер біз қазір қоғамда пікірталас жасайтын болсақ, оларды айыптайтындар көп болады, яғни олар өз діндерінен бас тартқан, тегін ұмытқан сатқындар дейтіндер, бірақ та олар бар, ал осы аймақтың басқа елінде мұндай жәйт мүмкін емес деген ойдамын. Бұл бізде соншалықты айқын проблема деп айтпас едім. Бірде, мысалы, православие дініндегілер құлшылық етулерді қазақ тілінде жүргізуді шешті. Мұсылмандар тарапынан «мұны істемеу керек, бұл діни алаңдағы ойын ережелерін бұзу» деген наразылықтар болды, алайда кейіннен жағдай өздігінен шешілді.

Томас Хельм: Демек, діни топтар тарапынан қандай да бір қысым бар ғой?

Роман Подопригора: Өз ішінде, иә бар. Әрине, басқа жерлердегі сияқты бізде де халықтың белгілі бір бөлігі тарапынан бұл тақырып өте шиеленісті болып көрінеді, бірақ қоғамның өзі соншалықты діни емес болғандықтан, бұл мәселені соншалықты күрделі дей алмаймыз.

Томас Хельм: Осымен сұхбатымызды аяқтаймыз. Дін бостандығы, діни сенім бостандығы туралы есебімізді аяқтаған кезде екі ұстаным тұрғысынан сөйлейтінімізді қосқым келеді. Бір жағынан – заң, екінші жағынан – діни топтардың өздерінің көзқарасы, өйткені қашан да, қай жерде де болмасын, өзгеше жағдайлар кездесіп тұрады. Яғни, бұл – жеке-дара саяси мінез-құлық, жеке жүріс-тұрыс негізіндегі жағдайлар.

(Әңгімелескен Томас Хельм, Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қордың директоры. 2019 жылғы 2 наурыз, Алматы).

«Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығы» тақырыбында Қазақстан митрополит округінің шіркеу және қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас бөлімінің төрағасы, протоиерей Александр Суворовпен жүргізілген сұхбаттың транскрипті

Томас Хельм: Сұрап білгім келетін үш негізгі мәселе бар. Біріншісінен бастайын, Қазақстандағы діндердің, атап айтқанда, православие діні мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастарға қатысты сөз қозғасақ. Дінді қаншалықты қабылдайды, тіркеуден өткенде қандай да бір қиындықтар кездесе ме, дін және мемлекет арасындағы шектеулер мен проблемалар бар ма? Менің ойымша, үлкен және ірі конфессиялар: ислам және православие шіркеуі көбінесе үлкен проблемаларға тап болмайды, бұл шағын конфессияларға, кішігірім шіркеулерге және тағы басқаларға қатысты мәселелер секілді. Осы жағдайды толығырақ сипаттап, айтып берсеңіз.

Протоиерей Александр: Жалпы алғанда, сіз дұрыс айтып отырсыз. 2011 жылдан бастап Қазақстан заңнамасында айтарлықтай өзгерістер болғанын білесіз. 1992 жылғы қаңтардан бастап күшіне енген алғашқы дін туралы заң 2011 жылы жаңа заңмен ауыстырылды. Мұның себебі неде? Біріншіден, бұл мемлекеттің радикалды исламдық ағымдардан сескенуіне байланысты. Атап айтқанда, Ақтаудағы оқиғалар осы құбылысқа себеп болды. Елде заң күшейтілді. Бұл іспен шенеунік, дипломат, осы саладағы ведомствоны басқарған Лама Шариф айналыса бастады. Ол кезде бұл ведомство – Дін істері комитеті деп аталды. Біз бірден не жоғалттық? Алғашқы шешімдердің бірі түрмелердегі барлық діни ғимаратты жауып тастау болды, бұл типтік шіркеу ғимараттары ма, намаз оқу бөлмелері ме, ол жағы еш маңызды емес болды. Атап айтқанда, осы кезеңде біз 50 приходтан айырылдық. Сонымен қатар, колония аумағында салынған бірнеше ғибадатхана қиратылды. Біз оларды салу үшін қаншама тер төккен болатынбыз. Сізге ақпарат үшін айта кетейін, техникалық қызметтерде жұмыс істейтін біздің ғибадатхананың бірнеше қызметкері біздің ғибадатхананың көмегімен түрмелерден түзеліп шықты, бірақ одан бері 10 жылдан астам уақыт өтті. Ал қазір ондай мүмкіндік жоқ. Енді сотталғандарға бару үшін, ниет білдірушілерден өтініш керек, яғни дін қызметкері нақты адамдарға ғана келеді және тек белгілі бір

адамдармен сөйлесе алады. Осылайша, түзеу мекемелеріндегі жұмыстарымыздың 90 проценті тоқтатылды. Онда ислам дінбасылары қандай проблемалар тудырды дегенді айту қиын, бірақ бұл мәселенің кілті ислам мен христиандықтың құрылымында. Мәселе мынада: христиан дінінде, атап айтқанда, православиеле және католик шіркеуінде нақты иерархиялық құрылым бар, яғни діни қызметші әрдайым діни қызметші болып қала береді. Исламда мұндай дінбасылар деген ұғым жоқ, бір имамның орнына мүлде басқа адам имамның міндеттерін орындай беруі мүмкін. Бұл тағайындалатын лауазымдар. Менің ойымша, салафиттік көзқарастары бар адам бұл жүйеге енуі мүмкін болғандықтан, бұл мемлекеттің қорқынышын туындатады. Билік өкілдерімен жеке сөйлесу барысында маған «жігіттер, сіздерге қарсы нақты кінәрат-талабым жоқ, бірақ біз заңның аражігін ажыратып тастай алмаймыз – заң бәріне бірдей болуы керек» деді. Бұл екінші кезең. Осыдан екі жыл бұрын президенттің мемлекеттің зайырлылығын нығайту және дінді қоғамдық өмірден барынша алыстату туралы бағыты пайда болды. Бұдан біз қорықпаймыз, өйткені Қазақстан жағдайында бізде ешқашан да осы қоғамның өміріне әсер ету ниетіміз немесе мүмкіндігіміз болған емес. Сонымен қатар, көршілес Ресейге қарасаңыз, менің ойымша миссионерлік жоспар тұрғысынан қоғамның шамадан тыс клерикализациясы, діннің қоғамдық өмірге шектен шыққан әсері керісінше нәтижелерге алып келеді деген ойдамын. Мен Қазақстан туралы пікіріме қайта оралайын. Осыдан 2 жыл бұрын Парламент Мәжілісінің депутаттары дінге қатысты әртүрлі заңдарға өзгерістер әзірлей бастады, сол кезде біздің бәріміз елеңдей бастадық, өйткені аталған түзетулер қоғамдағы елеулі бұрмалауларға алып келуі мүмкін еді. Атап айтқанда, православие шіркеуінде нақты тіркелген мүшелік жоқ. Ғибадатхана ашық және кез келген, әрі әртүрлі адамдар ғибадат етуге келеді, олар ғибадат етеді және шіркеудің рәсімдеріне қатыса алады. Біз оларды тіркемейміз, аттарын жазбаймыз және біз тек өзіміз үшін ғана осындай статистика жүргіземіз. Бұл статистикада сәйкесінше аты-жөндері тіркелмейді, алайда жаңа түзетулерге сәйкес, мысалы, егер 14 жасқа толмаған бала, тіпті бастапқыда 16 жасқа дейінгі балалар болған, ғибадатханаға келсе және әлдеқандай бақылаушы орган кенеттен осыған назар аударатын болса, мұндай жағдайда діни бірлестік алдымен айыппұл түрінде ескерту алуға мәжбүр болатын. Осыдан 2 жыл бұрын, православиелік діни қызметші Оңтүстік Қазақстан облысындағы православие шіркеуі діни

қауымы мүшелерінің балаларына арналған жазғы лагерде ата-аналарының жазбаша қолхаттарын жинап алып, осының негізінде тауға барған кезде олардың дұға оқыған жағдайы болған. Мұны жергілікті билік қызметкерлері тіркеп, қоғамдық жерде діни іс-әрекеттерді жасағаны үшін оған қарсы әкімшілік іс қозғалды. Тауды қоғамдық орын деп атауға бола ма?

Томас Хельм: Өткен жылдарға көз жүгіртсеңіз, Кеңес Одағы ыдыраған 1991 жылдан бастап, яғни КСРО құлағаннан кейін және тәуелсіз Қазақстан құрылғаннан кейін, халықтың 38%-ы қазақтар еді, сәйкесінше орыс тілді халық көп болды. Қазір қазақтар – 64%, орыстар – 21–22%. Осындай статистикалық өзгерістерге байланысты қоғамдағы жалпы көрініс өзгере ме, осы уақыт ішінде демографиялық ауысуларға байланысты мемлекеттің шіркеуге деген қарым-қатынасы мен көзқарасы өзгерді ме?

Протоиерей Александр: Мен жағдайдың нашарлағанын байқаған емеспін. Мемлекет шіркеуге жақсы көзқараста және олар біздің өтінішімізді тыңдауға тырысады және заң аясында оның бәрі орындалады. Алайда мұндай бағыт сақталатынына да сенімді бола алмаймыз. Біз ештеңеге де сенімді бола алмаймыз.

Томас Хельм: Жақсы, діни ұйымды тіркеуге және ресми түрде қабылдауға қатысты бірінші мәселені анықтай алдық, екінші сұрақ діннің күнделікті өмірдегі тәжірибесіне тікелей қатысты. Тәжірибе демекші, көп жағдайда мәселе сіздердің де, басқа конфессиялардың да діни қызметшілерінің бастапқы біліміне байланысты болады. Православие дін қызметшілері қайда білім алады және мемлекет білім беру процесін бақылауға қатыса ма?

Протоиерей Александр: Сіз бірнеше сұрақ қойдыңыз, енді мен оларды бөліп қарастыруға тырысамын. Тіркеуде бізде қиындықтар болды, атап айтқанда, Алматы облысының Талдықорған өңірінде. Менің ойымша, бұлар әдейі жасалған бюрократиялық кедергілер. Кейінгі уақытта біз тіркелген приходтарды екінші рет қайта тіркеуге мәжбүр болдық. Екінші сұраққа келетін болсақ, Қазақстанда діни қызметшілерді дайындайтын бір ғана оқу орны бар – бұл Алматы православиелік діни семинариясы. Бірнеше жыл бұрын біз білім беру қызметіне мемлекеттік лицензия алдық... Бірақ мен іс жүзінде мемлекет білім беру процесіне қандай да бір түрде араласады деп айтпас едім. Алайда, мен қойылған ауқымды сұраққа соңына дейін жауап бермедім, бірақ бұл өзара байланысты заттар. Ұсынылған

түзетулерге сәйкес, бакалавриатта оқу мемлекет аумағында орналасқан оқу орындарында ғана мүмкін болды. Бұл барлық діндерге қатысты. Бұл мысалға, мемлекет пен оқу орны арасында арнайы келісім жасалмаса, білім қуған жас адамның Алматыдан Ресейге немесе Грецияға білім алуға бара алмайтынын білдіреді. Мен қазір исламдық тарапты талқыламаймын, онда проблемалар бар, өйткені Катар, Түркия, Египет және Сауд Арабиясындағы исламдық білім беру бір-бірінен өте ерекшеленеді және мемлекеттің қорқыныштары бекер болмауы мүмкін. Ал православие туралы айтар болсақ, мектептің қай жерде орналасқаны – бұл қалыпты жайт, мысалы, біздің бір қызметкеріміз қазіргі кезде Гёттингенде білім алуда. Бұл – біз үшін өте жақсы тәжірибе. Бірақ осы студенттер нені жоғалтады? Алматы семинариясындағы білім деңгейі Ресей, Греция, Нью-Йорк, Германия немесе басқа елдерге қарағанда төмен деңгейде екенне ешқандай күмән жоқ. Алайда, бірінші ауқымды сұрақты аяқтайын, меніңше, бұл туралы сізге Роман айтып өтті. Биыл 29 қаңтарда түзетулер қайтарып алынды, одан кейінгі уақытта мен бұқаралық ақпарат құралдарында осы заңның талқыланғанын естіген жоқпын. Сондықтан да бұл мәселені мемлекет қалай реттейтінін мен білмеймін. Менің ішкі түйсігім бойынша, қазіргі уақытта мемлекетте үлкен өзгерістер орын алуда және, менің пікірімше, бұл мәселе халықты мазаламау үшін жай ғана кейінге қалдырылды. Меніңше, Президенттің соңғы жолдауынан көріп отырғаныңыздай, мемлекеттің әлеуметтік саласы, үкіметтің ауысуы өте сыни жағдайда жүріп жатыр. Мемлекет шұғыл шаралар қабылдауы керек және, менің ойымша, дін мәселесі кейінге қалдырылды.

Томас Хельм: Мемлекет пен шіркеулердің өзара қарым-қатынасына тоқталсақ, Германияда үлкен шіркеулер бар, мысалы, дәстүрлі конфессиялар: христиан, иудаизм; мемлекет сонымен қатар белгілі бір қаражат жинайды, бірақ сонымен қатар приходтардың өзінен алынатын салық бар, яғни әрбір тіркелген приход пен осы приходтың әрбір мүшесі, тұрақты келушісі, олар белгілі бір ақша сомасын төлейді және осы ақша кейін мемлекеттік бюджетке түседі.

Протоиерей Александр: Иә, мен бұл тәжірибеден хабардармын.

Томас Хельм: Сіз қазір жөндеу жүргізіліп жатқан осы керемет ғибадатхананы жөндеуге мемлекеттен қаражат аласыз ба немесе шіркеуге келушілер көмектесіп жатыр ма?

Протоиерей Александр: Бұл өте қызықты сұрақ. Осы мәселеге қатысты нақты мысал келтіре аламын. Мен шіркеу және мемлекет арасындағы қатынастар департаменттің басшысымын. Бұл шіркеу ғимараты тек қана мемлекеттің меншігі болып табылады, өйткені ол – сәулет ескерткіші. Мемлекеттік мүлік туралы заңға сәйкес, қайта қалпына келтіру жұмыстары да жүргізілуі керек, соның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен де.

Іс жүзінде бірде-бір мемлекеттік теңге бөлінген жоқ. Қалалық муниципалитеттен шамалы сома бөлінді, оның өзінде бұл жеке кәсіпкерлердің қаржысы болатын. Шіркеуді қалпына келтіруге митрополиттің жеке таныстары мүмкіндік жасады. Біз мемлекеттен 10 жыл бойы шіркеуді күрделі жөндеуден өткізу қажет деп сұрадық және ескерттік, бірақ құрғақ уәдеден басқа ештеңе болмады.

Томас Хельм: Яғни, ғимарат мемлекет меншігі болғандығына қарамастан, қазіргі кезде қалпына келтіру және реставрациялық жұмыстар қоғамдастықтың немесе демеушілердің есебінен жүзеге асырылуда ма?

Протоиерей Александр: Иә, солай. Бұл ғана емес, жазда біз инженерлік проблемаға тап болған кезде маман шақырдық. Германиядан ағаш ғимараттармен айналысатын профессор Йенс Киклер келді. Ол осы собордың құрылысына таң қалды және мұндай таңғажайып инженерлік құрылыс туралы Германияда білмейтіндерін айтып, таң-тамаша болды. Ол бізге көп көмектесті. Біз оның ұсынымы бойынша сапалы жөндеу жұмыстарын жүргіздік, алайда бұл сәулет ескерткішінің сақталып қалуы тек митрополиттің мүмкіндіктеріне ғана байланысты екендігін ойласақ – бұл, әрине өкінішті. Егер митрополит демеушілерді, ақшаны таппаса, біз осы қалпына келтіру жұмыстарын жүргізе алмайтын едік.

Томас Хельм: Сіздің шіркеуге келушілердің, яғни осы приходпен байланысты адамдардың саны қанша?

Протоиерей Александр: Білесіз бе, мұнда әңгіме қызметке қанша адамның келуі туралы емес. Мысалы, әдеттегі жексенбі күні бізде екі таңертеңгілік қызмет бар және оған 400-500 адам қатысады. Егер жалпы келушілер саны қанша дегенге тоқталар болсақ, менің ойымша кем дегенде қырық мың, бірақ бұл жай шіркеу емес, барлық ғибадатханалардың рухани өмірінің орталығы болып табылатын кафедралды собор екенін түсінуіңіз керек. Мен митрополит туралы қорытынды жасайын:

2016 жылдың наурызында митрополит ел Президенті Н. Назарбаевпен кездесті, яғни соборды қалпына келтіру мәселесі талқыланды. Президент бұл соборды қалпына келтіруге қатысатын қаржылық құрылымдар, демеушілер, ірі бизнес ықыласын мақұлдады және олар президенттің көмектесуі арқасында жәрдем жасасты. Алайда, мен мұны үшінші рет қайталап айтамын, бұл бюджеттің ақшасы емес. Заңға енгізілуі жоспарланған түзетулер шіркеудің қаржысы мен қайырымдылықтар арқылы түскен түсімдерді толықтай бақылауды көздеген болатын, бірақ та мемлекет тарапынан ешқандай көмек жоспарланбады. Сондықтан мен үшін бұл жайт түсініксіз: бір жағынан, біз мемлекеттен бөлекпіз, егер олар біздің қаражаттарымызды есептесе, бұған қалай да бір түрде қатысуы керек; егер олар оған қатыспаса, онда оларға бұл не үшін қажет?

Томас Хельм: Кез келген елдегі мемлекет пен діннің қарым-қатынасы белгілі бір ерекшеліктерді туындатады. Германияда мемлекет діни қызметке мүлдем араласпайды. Қазіргі уақытта біз Германияда тұратын мұсылмандарды белгілі бір бажды төлеуге көндіре аламыз ба деген тақырып бойынша парламенттік пікірсайыстарды белсенді түрде жүргізудеміз. Бұл ретте механизмдер барынша бірдей. Мешіттерге бөлінетін белгілі дәрежедегі түсімдер бар, олар ұлтаралық және конфессияаралық араздықты тарату үшін де пайдаланылуы ықтимал. Екінші жағынан, өте үлкен ескі шіркеулер бар, прихожандар қауымдастығы қысқаруда, католиктер мен протестанттар азайып келеді. Сондықтан да, ғимараттарды, мысалға, Еуропадағы ең үлкен ғимараттардың бірі – Кёльн соборының күмбезін реставрациялау және қалпына келтіруді қалай шешуге болады деген сұрақтар әрине туындайды.

Протоиерей Александр: Менің ойымша, мұндағы қаржылық бақылау әрекеттері, әсіресе мұсылман қауымы қаражаттарын бақылау үшін жасалуда, өйткені мемлекет радикалданудан сескенеді. Мысалы, Қазақстанның батысында бұл проблема өте өзекті. Кейбір деректер бойынша, құқық қорғау органдарының белгілі бір проценті салафиттік ұйымдарға қатысады деп естідім. Бұл – елді тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін өте жағымсыз фактор. Қазіргі экономикалық өмірге келетін болсақ, біз жалақымыздан барлық салықтарды төлейміз, медициналық сақтандыру және зейнетақы жарналарын төлейміз. Әрине, әр дін қызметшісінің әлеуметтік топтамасы бар, бірақ бұл – әлеуметтік жауапкершілік пен одан туындайтын

міндеттемелерге ие елдің азаматтары ретіндегі қарым-қатынастарымыз. Олар дінге тәуелді емес және мен сізге негізінен мынаны айтқым келеді: маған көбіне «Сізге не керек?» деп сұрайтын. Ал мен бұл сұрақтың астарында құрғақ, бос сөздерден басқа ештеңе жоқ екенін білетіндіктен, жай ғана «өтінемін, араласпаңыз» деп жауап беретінмін.

Томас Хельм: Сіз жексенбілік қызметке 400–500 адам келеді дейсіз, яғни 40 мың адамның кафедралды собормен байланысы бар, ал қаражат жинау, садақа беру қалай жүргізіледі, діни қауым мүшесінің қалауы бойынша ерікті түрде ме, әлде белгілі бір мөлшердегі сома бар ма? Мұның бәрі қалай жүргізіледі?

Протоиерей Александр: Православие дәстүрінде шіркеу ғұшыры жоқ, бізде ешқандай міндетті төлемдер жоқ. Сонда шіркеу бюджеті неден құралады? Біріншісі, әдетте өмірде бір рет өткізілетін рәсімдерге арналған, мысалы, шоқындыру рәсімі, некелесу тойлары, жерлеу қызметтері, белгілі бір қайырымдылықтар жасалады, алайда кейінгі кезде біз қаражаттары жоқ адамдар үшін осыларды әрқашан тегін орындаймыз. Екінші сегмент – бұл шіркеу дүкендерінің жұмысы. Майшамдарды, иконаларды, кітаптарды және басқа діни атрибуттарды сату. Сонымен, ең ақырғы үшінші сегмент – діни қызметшіні жақсы көретін, құрметтейтін адамдар бар және олар кез келген соманы оған қайырымдылық ретінде бере алады. Жарғымызға сәйкес, біздің коммерциялық қызметпен айналысу құқығымыз жоқ. Заң бойынша, біздің коммерциялық қызметіміз қажеттіліктерімізбен шектелген. Мысалы, егер бізде қандай да бір жеріміз болса және біз картоп өсірсек, оны асханаларымызда пайдалана аламыз, бірақ оны сатуға шығара алмаймыз.

Томас Хельм: Соңғы сұрақты қояр алдында, мынадай бір практикалық сұрақ туындап тұр – собор қалпына келтіріліп жатқан кезде осы діни қызметтерді қайда жүргізесіз?

Протоиерей Александр: Дәл осы біз сөйлесіп тұрған жерде. Көрші бөлмеде.

Томас Хельм: Мұнда орын шамалы ғана ғой.

Протоиерей Александр: Басқа амалымыз жоқ.

Томас Хельм: Яғни, мемлекет те көмектеспейді және сізге балама ретінде басқадай орынды да ұсынбайды ма?

Протоиерей Александр: Бұл туралы тіпті сөз қозғалған жоқ. Мысалы, сіздің келуіңізге 2 сағат қалғанда, тұрақты қызмет көрсетуіміз аяқталды. Бұл ғимаратқа бірден 120 адам сыйғанын елестете аласыз ба? Бұл өте қиын болды, өйткені мына орын өте тар, бірақ та бұл біздің қауым мүшелерінің сүйіспеншілігін көрсетті, себебі олар, осындай жағдайларға қарамастан, басқа ғибадатханаларға бармады.

Томас Хельм: Дәл осы тұста айырмашылықты көруге болады, өйткені Германия мемлекеті белгілі бір шіркеуде жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде жексенбілік қызметті өткізуге арналған қандай да бір жергілікті орталықты, мектептегі құрылымды ұсына алады.

Протоиерей Александр: Осы ғимаратта біз балалардың ерте дамуына арналған қайырымдылық жобамызды жүзеге асырудамыз. Біз оларға оқуды, жазуды үйретеміз. Бізде жексенбілік мектеп бар, асхана бар. Яғни, осының бәрі осы кішкентай ғимаратта өтеді. Бұл оңай шаруа емес.

Томас Хельм: Ал жөндеу жұмыстары қашан аяқталады?

Протоиерей Александр: Мамыр айына қарай аяқтаймыз деп үміттенеміз.

Томас Хельм: Соңғы сұрақ бір дінді екінші дінге ауыстыру, бір діннен екінші дінге өту мүмкіндігіне қатысты. Осыған байланысты проблемалар бар ма, заңнамада қандай да бір қиындықтар бар ма және практикада не болып жатыр, яғни заңнамадан бөлек мұның барлығы нақтылы қалай жұмыс істеуде.

Протоиерей Александр: Қазақстан өзін зайырлы мемлекет ретінде көрсетіндіктен, мұндай заттарды заңға енгізу техникалық тұрғыдан мүмкін емес. Алайда, мен алдында айтып өткен комитеттің бұрынғы басшысы Лама Шариф өзінің бір сұхбатында қазақтар мұсылман болуы керек деді. Бұл қоғамда, әрине, белгілі бір наразылық тудырды. Мен бұл тақырыпты қандай да бір мемлекет көтергенін көрген емеспін. Қалай дегенмен де, мысалға православие дінінен шығу туралы сөз қозғайық делік.

Христиан заңында, сіз бен біз білеміз, Христос, апостолдар ешқандай жаза қолдануды көздемеген. Адамның шіркеуден аластап шығарылуы – өмірде болуы мүмкін ең жаман нәрсе. Біздің мүшелігіміз еркін болғандықтан, ешқандай санкциялар жоқ. Шариғатқа, ислам заңына сәйкес санкциялар мүлдем басқа және сіз олар туралы білесіз. Әрине, зайырлы

елде іс жүзінде мұндай болмайды, бірақ мен шоқындыру рәсімінен өткен қазақтардың жиі қатты қысым көретінін білемін.

Томас Хельм: Кімнен?

Протоиерей Александр: Бірақ бұл қысым мемлекет тарапынан емес.

Томас Хельм: Демек, бұл қоғамның тарапынан ба?

Протоиерей Александр: Бұл отбасы, ата-ана, қоғам...

Томас Хельм: Иә, Роман Подопригора да осы жөнінде айтқан болатын.

Протоиерей Александр: Кейінгі кезде протестанттық қауымдармен және католик шіркеуімен өте жақсы достық қатынастар орнаттық. Мемлекет тарапынан жүзеге асқан бір жағымды жайтты атай кету керек. Мемлекеттің қатысуымен Алматыда діни бірлестіктер лидерлерінің клубы құрылды және біз бір-бірімізбен бейресми деңгейде жылы ниетті сипатта араласып тұрамыз. Атап айтқанда, Құрбан айт болған кезде Алматы мешітінің бас имамы барлық конфессия өкілдерін, соның ішінде мені де мешітке шақырды. Мешітке бардық. Бұл өте әсерлі және жақсы сапар болды. Діндер арасындағы осындай жартылай ресми деңгейдегі қарым-қатынастар жылы ниетті және өте жақсы деңгейде. Сонымен қатар, біздің сұрағымызға да назар аударайық, егер де адам басқа дінге ауысса, оның бұрынғы ұйымы оған ешқандай қысым жасамайды, кейбір ұсақ бірлестіктерді қоспағанда, мен мұндай жағдайларды кездестірмеппін. Мүмкін, мұндай қысымды Неопятидесятниктер (New charismatic, new Pentecostal), Иегова куәгерлері, саентологтардың (оларда бәрі өте «ақылды» ұйымдастырылған, яғни адамдарды көбінесе қаржылық тәуелділікке душар етеді) бұрынғы мүшелері бастарынан өткерген шығар және мен де осындай жағдайлардан хабардармын. Бұл, негізінен, қатаң бекітілген мүшеліктері бар осындай бірлестіктерге тән, сонымен қатар бұл қауымдар әдетте жабық қауымдар болып табылады.

Томас Хельм: Көп рахмет! Енді бізде мазмұнды ақпарат өте көп. Бізге сұрақтарыңыз бар ма?

Протоиерей Александр: Сұхбатымның сіз үшін пайдалы болғанын қалаймын. Бірақ та, көріп отырғанымыздай Батыс – бұл бәрінен де бұрын барлық заңдардың үстемдігі. Қоғамның батыстық құрылымы барлығын Заң алдында теңестіруге тырысады. Премьерден бастап аула сыпырушыға

дейін – барлығы да тең және ортақ құқықтарға ие. Бізде түрлі «дандай-сушылық» көп. «Қоңырау шалу» құқығы, «қымбат көліктер» құқығы, лауазым құқығы... Біздің өркениетіміздің қауіптілігі неде? Оның ішінде Ресейді де меңзеп отырмын. Оны посткеңестік әлем деп айту қиын. Бұл Кеңес Одағының ықпалы ма, мүмкін Византияның мұрасы шығар. Енді елестетіп көріңізші, азаматтық қоғам: Батыста азаматтық қоғамның өмірі заңға бағынады және сіз ертең не болатын білесіз, ал осында, яғни Ресейде, Қазақстанда және басқа да елдерде, бәрі көшбасшыға байланысты. Алайда, біз үшін бұл үйреншікті жәйт. Ертең олар заңға және конституцияға қайшы келетін нәрсені ойлап табуы мүмкін, ал оны бәрі орындауға мәжбүр болады. Мен жасөспірім болған кезімде, Кеңес Одағының соңғы күндері, олар радиодан біз бүгіннен бастап 3 күн ішінде барлығын өзгертеміз деді, бұл қарапайым қоғам таңғаларлық жағдай ғой. Ал біз үшін бұл үйреншікті жәйт. Біздің қоғамның басты қаупі – болжап, бағдарлай білудің мүмкін еместігі. Міне, сондықтан да мүмкіндігі бар адамдар алдын ала жоспарланған өмір сүру үшін Еуропаға кетуге тырысады.

Томас Хельм: Сізге тағы да алғысымды білдіремін. Бұл сұхбат біздің есебімізді жазуға үлкен көмегін тигізеді. Мерзімі туралы айтар болсам, шілденің аяғында біз өз есебіміздің жартысын беруіміз керек, ал осы жылдың соңында Германияда жариялайтын боламыз. Ал қазақстандық нұсқасына келер болсақ, сәйкесінше келесі жылдың бас кезінде. Әрине, біз сізді хабардар етіп тұрамыз. Сізге көп рахмет!

(Әңгімелескен Томас Хельм, Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қордың директоры. 2019 жылғы 2 наурыз, Алматы).

«Мицва» қауымдастығы Заңды тұлғаларының бірлестігі кеңесінің төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі Александр Баронмен сұхбаттан негізгі үзінділер

Александр Барон сұхбат басталғанда Қазақстанда заңнамалық деңгейде елдегі этностық топтардың өздерінің мәдениетін дамытып, ана тілі мен салт-дәстүрлерін зерделеп, қауымдық орталықтар мен діни ғимараттарын, соның ішінде еврейлер қауымы да өздерінің орталықтары мен синагогаларын салуға және ашуға құруға мүмкіндік беретін барлық жағдай жасалғанын атап өтті. Республикада антисемитизм жағдайлары тіркелген жоқ. Керісінше, толеранттылық пен ұлтаралық келісім – бұл елдің басты әрі ерекше нышандарының бірі. Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық институтын құрды, мұнда республиканың барлық этностары бір-бірімен өзара сыйластық пен сенім қағидаттарында қарым-қатынас орнатып, этносаралық келісім тақырыбында мерекелер мен концерттік бағдарламалар, форумдар ұйымдастырады.

Александр Барон қауымның тарихына қысқаша шолу жасап, қазіргі Қазақстан аумағында еврейлердің алғаш пайда болуы Ұлы Жібек жолы заманынан бастау алады деп мәлімдеді. Бұл тезисті қолдай отырып, «Мицва» қауымдастығының басшысы жуырда Түркістанда орта ғасырларда салынған синагога табылғанын нақты мысал ретінде келтірді.

Тарихи тұрғыдан Қазақстанда ашкеназдар (еуропалық еврейлер), бұхаралық еврейлер, тау еврейлері, лахлухтер (күрд еврейлері) тұрады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазақстанда еврей қауымының саны едәуір артты. Еврейлер санының қарқынды өсуі фашист әскерлері тез жақындап келе жатқан Украинадан, Беларуссиядан және Ресейден мыңдаған эвакуацияланған азаматтардың Қазақстанға келуімен байланысты болды. Эвакуацияланғандардың көпшілігі еврейлер еді. Ол кезде республикадағы еврейлердің саны 700 мыңға жуық адам болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін эвакуацияланған еврейлердің бір бөлігі дәстүрлі тұрғылықты жерлеріне оралды, бірақ көптеген отбасы Қазақстанда қалып қойды, осы республика олар үшін жаңа үйіне айналды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, яғни Екінші дүниежүзілік соғыс оқиғалары аяқталғаннан 46 жыл өткен соң еврей халқының саны өзгерді. КСРО ыдыраған кезде «темір құрсау» ашылып, Израиль, АҚШ, Канада және Германияға көші-қон ағыны басталды. Көшулеріне себеп болған екі негізгі фактор – тарихи отанына, яғни Израильге оралу және экономикалық тұрғыдан барынша қолайлы елдерге көшу ниеті.

Дегенмен, Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елдің табысты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін заңнамалық негіз жасай алды. Толеранттылық пен ұлтаралық келісім экономикалық өсуді және әлеуметтік сектордың дамуын қамтамасыз етті. Осыған байланысты, эмиграция біртіндеп төмендеді, ал көптеген бұрынғы қазақстандықтар бизнестерін бастап жүргізу үшін өздерінің кіндік қаны тамған отандарына орала бастады.

Қазір республикадағы еврейлердің саны 50 мың адамды құрайды. Қауымдар қарқынды дамуда, әрбір өңірде, яғни 14 облыста және әрқайсысында миллионнан астам тұрғыны бар үш қала Нұр-Сұлтан (Қазақстанның елордасы), Алматы мен Шымкентте қауымдық орталықтар жұмыс істейді. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Қостанай, Павлодар қалаларында синагогалар бар.

Синагогалардың көбі Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін салынды. Сұхбат алушының діни ғимараттар қауымның немесе мемлекеттің меншігі болып табыла ма деген сұрағына, «Мицва» қауымдастығының басшысы аталған мүліктердің барлығы қауымдардың меншігінде екенін атап өтті.

Сұхбат алушы, менің білуімше, Алматыдағы Вознесенский кафедралды соборы мемлекет меншігінде емес пе деді. Александр Барон бұл мәлімдеменің жалған екендігін атап өтті. Ол Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі ретінде еліміздің 100 қауымынан келген әріптестерімен бірге Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Орыс Православие шіркеуіне Әулие-Вознесенск кафедралды соборын қайтару туралы жариялаған тарихи сәтінде өзі тікелей қатысқанын айтты. Александр Барон республикадағы синагогалардың құрылысын еврейлер қауымы қаржыландырғанын нақтылап өтті.

Бұл ретте «Мицва» қауымдастығының басшысы маңызды бір мәселеге назар аударды: Қазақстанда мемлекет діни бірлестіктердің істеріне араласпайды.

Сұхбат алушы әңгіме барысында Қазақстандағы еврейлердің қауіпсіздігі туралы сұрақ қойды: бұл мәселеге назар аудару себебі, ислам дінін ұстанатын қазақ халқының саны едәуір өсіп келе жатқанымен байланысты. Ал осы процесс бұл жердің байырғы тұрғыны емес еврейлер үшін қауіп төндірмей ме? Александр Барон еврейлер Қазақстанда өздерін қауіпсіз және жайлы сезінетінін түсіндірді. Сонымен қатар, Қазақстан өзін әлемдік және дәстүрлі діндер арасындағы үнқатысудың халықаралық алаңы ретінде көрсетті. Мәселен, миллениумде Алматыдағы Достық үйінде раввиндер және имамдар арасында халықаралық кездесу өтті, оның барысында конфессияаралық үнқатысудың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты.

Александр Барон сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап бере отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясының тақырыбына қайта оралды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 1995 жылы құрылған Ассамблея конфессиялардың ішкі сындарлы үнқатысуы үшін де, республикада әлемдік және дәстүрлі діндердің өкілдері өзекті мәселелерді ашық талқылай алатын халықаралық алаң құруға да негіз болды.

Мұсылмандар, еврейлер, басқа да конфессия өкілдері өздерін елдің біртұтас халқының бір бөлігі деп санайды және этностық топтардың діни әрі мәдени ерекшеліктерін ел мақтана алатын рухани байлық деп есептейді. Сонымен бірге, барлық ұлттар мен ұлыстар бүкіл Қазақстан халқын біріктіруші қазақ мәдениетін құрметтейді. Александр Барон тарихқа шолу жасай отырып, еврейлер мен қазақтардың қарым-қатынасы бірлік пен келісімнің үлгісі екенін тағы да бір мәрте растады.

Қазіргі еврей қауымы ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастады, сол кезде осы өңірге көшіп келген еврейлердің көпшілігі қолөнершілер мен дәрігерлер болды. Олар ауызекі қазақ тілін меңгерді. Бұл жайт жақын ықпалдасудың өте маңызды құралына айналды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтар эвакуацияланған азаматтармен, олардың арасында еврейлермен де, қолдарындағы барымен бөлісті. Өз кезегінде, негізінен зиялы қауым өкілдерінен тұратын эвакуацияланған адамдар

республика индустриясының, ғылымы мен мәдениетінің дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Бұл кезде сұхбат алушы Берлиндегі толеранттылыққа қатысты жағдай туралы мысал келтірді, мұндағы қоғамдық орталықтар мен синагогалар үнемі күзетіледі, яғни бұл қажеттілік. Германияда толеранттылықтың жетіспеушілігін жиі көруге болады, Германияға Таяу Шығыстан, Түркиядан және басқа мемлекеттерден келген радикал исламшылдар жазықсыз азаматтарға орынсыз шабуылдайды. Осыған байланысты Александр Барон Қазақстанда мұндай проблема жоқ екенін тағы да атап өтті. Барлық этностық топтар бір-бірімен жақсы тіл табысады. Ол тағы да тарихқа үңіліп, 1497 жылы еврейлер Испаниядан қуылған кезде Түркияға бас сауғалап, сол жерде толықтай ықпалдасқандығын еске алды. Түркияда еврейлердің діни жораларына ешқашан тыйым салынбаған. Израиль Түркиямен дипломатиялық қатынастарды ғана емес, сонымен бірге тығыз экономикалық ынтымақтастықты қолдайды, ал егер Қазақстан туралы айтатын болсақ, еврей және түрік қауымдары өзара қарым-қатынасты достық және тату көршілік жағдайында, сондай-ақ басқа да барлық этномәдени бірлестіктермен достық және тату көршілік жағдайында тұрады.

Александр Барон өзін тұрғылықты қазақстандық екеніне, яғни кіндік қаны тамғаннан бастап республикада тұрып жатқанын атап өтті. Дәрігер болғандықтан ол бүкіл елді аралап, қарапайым адамдармен, ауыл тұрғындарымен де, көшпелі қойшылармен да кездесті және әрдайым бұл адамдардың қаншалықты әдемі, қонақжай, ашық және жайдары жан екеніне үнемі көз жеткізеді.

Қазақстандағы этностық топтар арасындағы тарихи және мәдени қатынастар тақырыбын жалғастыра отырып, Александр Барон қазақтардың этностық немістерге мейірімді көзқараста екенін айтты. Қазақтар да, немістер де, КСРО-ның басқа халықтары сияқты қатал сталиндік жылдарды – аштық, жоқшылық, қуғын-сүргінді бастарынан өткерді және осы азапты жылдар халықты біріктірді. Кейінгі кезеңдерде бірлікке деген серпіліс, жасампаздық пен ізгілік жағдайында өмір сүруге деген ұмтылыстан пайда болды. Александр Барон «қажеттілік адамдарды біріктіреді, бірақ бейбіт аспан, молшылық және сенімге деген қуанышты сезім де адамдарды біріктіреді», – деп атап өтті.

«Мицва» қауымдастығының басшысы, Томас Хельмнің (сұхбат алушының) антисемитизм КСРО-да мемлекеттік деңгейде болған, бірақ та сол кездегі Қазақстан басшылығы орталықпен, яғни КСРО астанасымен салыстырғанда толерантты болған, осыған байланысты Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қазақстанға эвакуацияланған адамдардың көбі республикада тұрақтап қалып, нақты отандарына оралмады деген пікірімен келісті.

Сұхбат алушы сұхбат барысында этностық топтардың бір діннен екіншісіне ауысу фактілері бар ма және аралас некеде діни сенімін өзгерту проблемалары бар ма деп сұрады. Бұған Александр Барон: «Әрине, әсіресе Қазақстан сияқты көп ұлтты елде аралас неке белгілі құбылыс», – деп тұжырымды жауап берді. Ерлі-зайыптылардың әртүрлі дінді ұстануынан туындайтын проблемалар туралы фактілер оған белгілі емес, қайта үлгілі интернационалдық отбасылардың мысалдары белгілі, олардың ішінде көрнекті суретшілер Гүлфайрус Исмаилова мен Евгений Сидоркиннің отбасы немесе әкесі этникалық еврей, ал анасы этникалық неміс болған Қазақстан жазушысы Морис Симашконың отбасы да бар. Морис Симашко өзінің «Төртінші Рим» автобиографиялық романында сүйіспеншілікте, тамаша зиялы отбасында өскенін жазды.

Әрі қарай Александр Барон діни сенімді өзгертуге қатысты сұрақтың бірінші бөлігіне жауап берді. «Кез келген адам этносына қарамастан, христиан немесе мұсылман бола алады. Иудаизмде басқаша, дәстүр бойынша еврей мен иудей түсінігі бір-бірінен ерекшеленбейді, яғни иудей болу үшін сіз еврей болуыңыз керек. Бұл жол оңай емес, бірақ мүмкін. Мұны істеу үшін сіз арнайы гиюр рәсімнен өтуіңіз керек, бұл бір күннің немесе бір айдың мәселесі емес, бұған кейде бірнеше жыл да қажет болады, яғни сіз дәстүрді толығымен бойыңызға сіңіріп, оны жақсы түсінуіңіз керек». «Мицва» қауымдастығының басшысы: «Мұндай жағдайлар бар және, менің білуімше, бұған ұмтылғанның бәрі мақсатына жетеді», – деп атап өтті.

Александр Барон «Мицва» қауымдастығының еврейлер қауымы орталықтары бүкіл этностардың, мәдениеттер мен барлық жастағы адамдардың өкілдері үшін ашық екенін де баса айтты. Бізге еврей отбасылары, аралас отбасылар және басқа да этностық топтардың өкілдері келеді және бұл керемет, өйткені олардың бәрі жаңа нәрселерді үйренуге деген ынталарымен біріккен. «Кез келген білім адамды мәдени тұрғыдан байытады, біз бәріне қуаныштымыз», – деді. «Мицва» қауымдастығының басшысы

қауымдастық бағдарламаларына қатысушылардың жас құрамына да зер салып, қауымдағылардың көбісі жас адамдар екеніне тоқталды.

Бұрын, егер КСРО-ның құлдырау кезеңі туралы айтатын болсақ, онда қауымға негізінен қарт адамдар бет бұрған болатын, бұл кеңес басшылығының діндер мен ұлттық мәдениеттердің дамуын ынталандырмағанымен байланысты еді. Ал қазір қауымда жастар көп. Жастар біздің басты байлығымыз және негізгі ресурсымыз деп айта аламыз, бір жағынан, еврей дәстүрімен және мәдениетімен танысқысы келетін, екінші жағынан, көшбасшылық қасиеттерді дамытып, жаңа достар тауып, өздерінің идеяларын ұсынатын және іске асыратын, адамдарға көмектесуді үйренетін, өмірде өз орнын тапқысы келетін адамдар бізге келеді. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндік бар, – деп «Мицва» қауымдастығының басшысы сөзін қорытындылады.

(Әңгімелескен Томас Хельм, Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қордың директоры. 2019 жылғы 18 сәуір, Алматы).

Қазақстандағы феминизм мәселелері жөніндегі қоғамдық белсенді Айкерім Тахановамен ислам діні туралы сұхбаттың хаттамасы

Айкерім Таханова Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қадағалауындағы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы Қазақстандағы мешіттер мен медреселердің жұмысына жоғары діни бақылауды жүзеге асыратынын түсіндірді. Осылайша, ҚМДБ мұсылмандарды бақыламайды, ағартушылықпен айналысады. ҚМДБ қызметінің негізгі бағыты «дәстүрлі емес ағымдарға» қарсы күрес.

Қазақстанда халықтың басым бөлігі – дәстүрлі Исламның өкілдері, дегенмен әртүрлі көзқарастағылар да бар. Көпшілік әлеуметке қатысты мұндай өкілдер аз болғанымен, бар.

Мектептерде хиджаб-орамалды киюге тыйым салынады (немесе қолдауға ие болмайды).⁷² Мемлекетіміз зайырлы болғандықтан, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бұл практикаға, яғни қыздардың хиджаппен мектепке келуіне қарсы. Бұл мәселеге Білім министрлігінің жауапты болуы Исламның (Шариғат немесе Құран) теориясына қайшы келеді. Егер қыз бала 12 жасқа толса және оның алғашқы етеккірі келсе, онда ол басына орамал тағып, мұсылмандық өсиеттерді орындауы керек. Мектептер бұл практикаға үзілді-кесілді қарсы. Олар бұл міндетті емес дейді.

Қазақстанда хиджаб 2006 жылдан бастап танымал бола бастады (сондай-ақ Сауд Арабиясының әсерінен де). Осы жылдан бастап исламдық бум байқалды. Никаб (бетті тұмшалау) Қазақстанда онша көп емес, бірақ никаб кию шынымен Сауд Арабиясының әсерімен келді. Мұны әйелдердің өте аз (тіпті шамалы ғана) саны киеді.

Елдегі мұсылмандардың көпшілік бөлігі радикал емес екенін айта кету керек. Әртүрлі көзқарастардағы қауымдастықтар да кез келген мешітте жұма намазын бірге оқи алады. Кейбір мәселелер бойынша келіспеушіліктер болғанына қарамастан, олардың арасында ашық жеккөрушілік жоқ.

Жалпы, мешітке кез келген адам келе алады. Діни, этникалық немесе жыныстық кемсітушілік жоқ.

⁷² Мемлекеттің ресми ұстанымы: https://egov.kz/cms/en/articles/religious_clothes (қараған күні: 15.04.2020).

Алайда, имамдар Қазақстандағы Ислам университетінде оқиды. Басқа елдерден, мысалы, Пәкістаннан немесе Сауд Арабиясынан келген имамдарға шектеулер қойылып, проблемалар туындауы мүмкін. Мұның себебі – мемлекет қоғамның радикалдануынан қорқады, сондықтан басқа елдердің ислам (динтану) университеттерінің түлектеріне қатысты мешіттерге жұмысқа орналасуға шектеулер болуы мүмкін және тағы басқалар.

Егер 2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі оқиғалардың дамуын қарастыратын болсаңыз, алдыңғы жылдары әйелдер көпшілік алдында хиджаб киетін болса, оларға кейбір адамдардың дұшпандықпен қарағанын анықтауға болады. Қазір мұндай көзқарас жоқ. Қоғамдық орындарда хиджаб киетін әйелдер аз болғанымен, қазақстандық әлеумет қоғамдық орындардағы осындай жәйттарға көздері үйреніп қалған.

Айкерім Таханова – ислам елдеріне, ең алдымен Сауд Арабиясына саяхаттар ұйымдастыратын туристік фирманың атқарушы директоры. Алайда, бұл фирма мінез-құлық ережелерін белгілейді және клиенттерді іріктеп алады. Фирма осы елдерге діни себептермен немесе еңбек демалысы кезінде баратын клиенттермен жұмыс істейді, бірақ оқу мақсатында Сауд Арабиясына барғысы келетін клиенттерді қабылдамайды.

Қазақстанның көптеген компаниялары айқын көрініп тұрған мұсылмандық киімдерге, соның ішінде әйелдердің жұмыста орамал тағуына және ерлердің өте ұзын, бірден назарға түсетін сақал қоюына тыйым салады. Бірақ мұндай киім үлгісін қабылдайтындар да бар. Діни саяхаттарға келетін болсақ, оларға баратындар – діни адамдар, сондықтан да олардың көпшілігі мұсылмандық киім үлгісін сақтайды. Егер бұл дәстүрлі ағым өкілдері болса, онда Айкерім сияқты туристік фирмалар үшін бұл проблема емес. Егер дәстүрлі емес ағымның өкілдері болса, онда біршама қиындық тууы мүмкін. Әдетте, олардың арасында киімнің және мінез-құлықтың басқа түрлері жиі кездеседі.

Айкерім қазақстандықтардың Сауд Арабиясына «оқуға» баратын жағдайларын да біледі (бірақ оның агенттігі арқылы емес), өйткені Сауд Арабиясының оқытушылары танымал және Telegram мен YouTube арқылы қазақстандықтарды елдеріне тартады. Бұл ретте «оқыту» Сауд Арабиясының жоғары оқу орындарына түсуді білдірмейді, яғни «бейресми» адамдардан «бейресми» білім алуға ниет білдіретін адамдар бар екенін аңғартады. Бұл көпшілікке

қатысты емес, сирек болса да, осындай жайттар кездеседі. Мемлекет осыны бақылауды сұрайды.

Ол неке және діни сенімін өзгерту тақырыбын талқылай отырып, әртүрлі конфессиялардың өкілдері арасындағы неке, мысалы, діндар емес мұсылмандар үйленетін болса, қиындық тудырмайтынын атап өтті. Яғни, олар өздерін мұсылмандар деп атайды, бірақ Ислам ережелерін ұстанбайды, кейде негізгі ережелері туралы да білмейді. Мысалы, Қазақстанда қазақ әйелдерінің орыс ұлтынан шыққан ер адамдарға тұрмысқа шығуы жиі кездеседі. Дегенмен, Айкерім шариғат заңдарын ұстанатын мұсылмандар арасында конфессияаралық некені ешқашан кездестірмегенін де айтты. Оның пікірінше, мұндай жайттар іс жүзінде жоқ.

Діни сенімін өзгерткен жағдайда мемлекет тарапынан ешқандай проблемалар туындамайды, бірақ қоғам мен отбасы тарапынан проблемалар туындауы мүмкін.

Белгілі бір нышандары бар адамдардың сыртқы келбетін көпшіліктің қабылдауы туралы мәселеде Айкерім өзінің жеке мысалына сілтеме жасайды: кезінде бір ҰЕҰ мүшесі болған кезде оның хиджаб киюіне байланысты үлкен проблемалар туындаған екен, сондықтан да жұмыстан бас тартуға тура келген.

Айкерім Қазақстандағы ұйымдарға, мысалы ҰЕҰ-ға, мысалы, «Алматы қаласының мұсылман әйелдері» деген діни атау қоюға тыйым салуды да шектеу деп атады. Мұндай атаумен шектеусіз атауға рұқсат етілмейді.

Айкерім 2019 жылғы 4 сәуірде Конрад Аденауэр атындағы Қормен ынтымақтаса отырып ұйымдастырылған, Нұр-Сұлтан қаласында өткен Гендерлік теңдік форумына негізгі баяндамашы ретінде шақырылғанын және сөз сөйлегеннен кейін оған ресми тұлғалар келіп оған алдын ала баяндама жасауға рұқсат алмай дін тақырыбында сөз сөйлегені дұрыс емес екендігін айтқанын атап өтті.

Айкерімнен Үкімет неліктен осы тақырыпқа қатысты кейбір шектеулерді қолданады деп сұрағанда, көптеген шенеуніктердің білімі жеткіліксіз және осы тақырып туралы ештеңе түсінбейді деп жауап берді.

(Әңгімелескен Томас Хельм, Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қордың директоры. 2019 жылғы 19 сәуір, Алматы).



Нұрмағамбет қалалық мешіті¹
(Степногорск қ., Қазақстан)
Городская Мечеть Нурмагамбет
(г. Степногорск, Казахстан)



«Бейт Рахель Хабад Любавич»² синагогасы
(Нұр-Сұлтан қ.)
Синагога «Бейт Рахель Хабад Любавич»
(г. Нур-Султан)



«Түркі балбалы»³
«Тюрский балбал»




Балбалмен стенд⁴
Стенд с балбалами

¹ Конрад Аденәуэр Қордың фото-архивінен алынды. / Из фото-архива Фонда им. Аденәуэра.


² «Beit Rachel Chabad Lubavitch Synagogue in Nur-Sultan.» by ChelseaFunNumberOne is licensed under a Creative Commons Attribution Attribution-Share Alike 3.0 Unported license <<https://creativecommons.org/licenses/by-sa/3.0/deed.en>>.

³ by Alexandr Frolov is licensed under a Creative Commons Attribution Attribution-Share Alike 4.0 International <<https://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/deed.ru>>.

⁴ «Wall of Balbals» by upyvernoz. Is licensed under a Creative Commons Attribution 2.0 Generic (CC BY 2.0) <<https://creativecommons.org/licenses/by/2.0/>>.



Вознесенск кафедралы шіркеуі⁵ (Алматы қ.)
Вознесенский Кафедральный собор (г. Алматы)



Сәби Исаның Қасиетті Тереза католик шіркеуі⁶
(Павлодар қ., Қазақстан)
Католическая церковь Святой Терезы Младенца
Иисуса (г. Павлодар, Казахстан)



«Нұр-Астана» мешіті⁷ (Нұр-Сұлтан қ.)
Нур-Астана Мечеть (г. Нур-Султан)




Мәртебелі Мәриям Фатиманың шіркеуі⁸
(Қарағанды қ.)
Собор Пресвятой Девы Марии Фатимской
(г. Караганда)

⁵ Pixabay.org.

⁶ URL: https://commons.wikimedia.org/wiki/File:Catholic_church_of_Saint_Therезa_in_Pavlodar.JPG.

⁷ Pixabay.org.

⁸ Конрад Аденауэр Қордың фото-архивнен алынды. / Из фото-архива Фонда им. Аденауэра.



Қасиетті Успен кафедралы шіркеу⁹ (Нұр-Сұлтан қ.)
Свято-Успенский кафедральный собор
(г. Нур-Султан)



Мәсіхтің туғанына арналған Құтқарушы Мәсіх
шіркеуі¹⁰ (Алматы қ.)
Храм Христа Спасителя в честь Рождества Христова
(г. Алматы)



Қожа Ахмет Яссауи кесенесі¹¹ (Түркістан қ.)
Мавзолей Ходжи Ахмета Яссауи (г. Туркестан)



Ақмешіт шағын ауданындағы мешіт¹² (Қызылорда қ.)
Мечеть в микрорайоне «Акмечеть» (г. Кызылорда)

⁹ Pixabay.org.

¹⁰ Сонда / Там же.

¹¹ Конрад Аденауэр Қордың фото-архивінен алынды. / Из фото-архива Фонда им. Аденауэра.

¹² Сонда / Там же.



Қарағанды және Шахты епархиясының Қасиетті-Введенск шіркеуі¹³ (Қарағанды қ.)
Свято-Введенский собор прихода Карагандинской и Шахтинской епархии (г. Караганда)



Құдай Ана белгішесінің Қасиетті-Казанск шіркеуі¹⁴ (Қызылорда қ.)
Свято-Казанский храм иконы Божией Матери (г. Кызылорда)

¹³ Конрад Аденauer Қордың фото-архивінен алынды. / Из фото-архива Фонда им. Аденauer.
¹⁴ Сонда / Там же.



Хазрет Сұлтан мешіті¹⁵ (Нұр-Сұлтан қ.)
Мечеть Хазрет Султан (г. Нур-Султан)



Конрад Аденауэр атындағы Қор делегациясының Қызылорда облысына сапары. Қорқыт Ата Мемориалдық кешеннің жанында, 2017 жылғы, наурыз.¹⁶
Визит делегации Фонда им. Аденауэра в Кызылординскую область. У Мемориального комплекса Коркыт Ата, март 2017 г.

¹⁵ Pixabay.org.

¹⁶ Конрад Аденауэр Қордың фото-архивінен алынды. / Из фото-архива Фонда им. Аденауэра.